

"Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру" және "Қандас мәртебесін беру немесе ұзарту" мемлекеттік көрсетілетін қызметтері бойынша пилоттық жобаны іске қосу және іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2026 жылғы 30 қаңтардағы № 41, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2026 жылғы 30 қаңтардағы № 60 және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 2026 жылғы 30 қаңтардағы № 47 бірлескен бұйрығы.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 9-т. қараңыз.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабына сәйкес БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Қазақстан Республикасына тұрақты тұру мақсатында көшіп келушілер үшін "Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру" және "Қандас мәртебесін беру немесе ұзарту" мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің migration.enbek.kz платформасында тестілеу, сауалнама жүргізу және талап ету жері бойынша әңгімелесу өткізу арқылы көрсету жөніндегі пилоттық жобасы іске қосылсын.

2. Мына:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға көшіп келушілер үшін тестілеу, сауалнама жүргізу және әңгімелесу өткізу қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қандас мәртебесін беру қағидалары;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру қағидалары бекітілсін.

3. "Еңбек ресурстарын дамыту орталығы" акционерлік қоғамы пилоттық жобаны іске асыру мақсатында облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Полиция департаменттерінің уәкілетті қызметкерлері үшін қажетті қолжетімділікті қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігімен бірлесіп:

1) осы бұйрықтың 2-тармағымен бекітілген Қағидаларға сәйкес қолжетімділікті іске асыруды;

2) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының, Полиция департаменттерінің уәкілетті қызметкерлерін оқытуды;

3) осы бұйрықты облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарына, Полиция департаменттеріне жұмыс барысында басшылыққа алу үшін жеткізуді қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі және Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті осы бұйрықтан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын және оны жұмыс барысында басшылыққа алу үшін "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының, Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінің және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің аумақтық бөлімшелерінің назарына жеткізсін.

6. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы "электрондық үкімет" веб-порталы сервистерін пайдалану және электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдану мәселелері бойынша кеңес беру жүзеге асырылатын, сондай-ақ көшіп келушілерге "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді өз бетінше алу мүмкіндігі берілетін өзіне-өзі қызмет көрсету секторларының жұмыс істеуін қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Көші-қон комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бес күнтізбелік күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды ;

3) осы бұйрықтың 8-тармағының 1) және 2) тармақшалары орындалғаннан кейін он жұмыс күні ішінде орындалуы туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің заң қызметі департаменттеріне ұсынуды қамтамасыз етсін.

8. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министріне және Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің орынбасарына жүктелсін.

9. Осы бірлескен бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді және 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданыста болады.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары

- Жасанды интеллект және

цифрлық даму министрі

Ж. Мәдиев

Қазақстан Республикасының

Еңбек және халықты

әлеуметтік қорғау министрі

А. Ертаев

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрі

Е. Саденов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Сыртқы істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық қауіпсіздік комитеті

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ғылым және жоғары білім министрлігі

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрінің
2026 жылғы 30 қаңтардағы №47,
Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің
2026 жылғы 30 қаңтардағы № 41
және Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2026 жылғы 30 қаңтардағы № 60
бірлескен бұйрығына
1-қосымша

Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға көшіп келушілер үшін тестілеу, сауалнама жүргізу және әңгімелесу өткізудің қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға көшіп келушілерге қатысты тестілеу, сауалнама жүргізу және әңгімелесу өткізудің бірыңғай тәртібін белгілейді (бұдан әрі – Қағидалар) және Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға

және қандас мәртебесін алуға үміткер адамдарға қолданылатын, алдын ала айқындалған өлшемшарттар бойынша балдарды автоматты түрде беру негізінде жүзеге асырылатын бес кезеңнен тұратын цифрлық бағалаудан өтуді қамтиды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) өтініш беруші – Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға, оның ішінде қандас мәртебесін алуға үміткер көшіп келушілер қатарынан жеке тұлға және оның отбасы мүшелері (болған жағдайда);

2) көшіп келудің әлеуетті өлшемшарттық бағалау жүйесі – балдық модельге негізделген, әлеуметтік-демографиялық, білім беру, тілдік, кәсіптік және өзге де бейімделу көрсеткіштерінің жиынтығы бойынша көшіп келуге өтініш берушілерді сандық бағалауға және саралауға арналған құрылымдалған құрал;

3) Қазақстан Республикасында тұрақты тұру үшін көшіп келушілердің әлеуетті өлшемшарттық бағалаудан өткені туралы хабарлама – көшіп келудің әлеуетті өлшемшарттық бағалау жүйесінен өту нәтижелері негізінде қабылданатын, " Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру" және "Қандас мәртебесін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін одан әрі алуға жіберу не жіберуден бас тарту туралы халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органның құжаты;

4) халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган – халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту саласындағы бағыттарды айқындайтын, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келетін көшіп келушілерді қоныстандыруға арналған өңірлердің жергілікті атқарушы органы;

5) көші-қон қызметі бөлімінің (бөлімшесі, тобы) қызметкері (бұдан әрі – КҚҚ қызметкері) – Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алу туралы өтініштерді өңдеу мен қарауды жүзеге асыратын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Полиция департаменттерінің көші-қон қызметі бөлімшелерінің лауазымды тұлғасы;

6) Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат (бұдан әрі – ТТР) – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптар сақталған жағдайда ішкі істер органдары шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға беретін, оларға Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұру құқығын ұсынатын құжат;

7) шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты (бұдан әрі – Ықтиярхат) – Қазақстан Республикасының аумағында шетелдіктің жеке басын куәландыратын және оның Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алғанын растайтын құжат;

8) "migration.enbek.kz" көші-қон процестері порталы (бұдан әрі – портал) – көшіп қонушыларды есепке алуды, олардың қозғалысын, сондай-ақ көші-қон саласындағы

қызметтердің ұсынылуына мониторинг жүргізуді қамтамасыз ететін "Электрондық еңбек биржасы" (enbek.kz) цифрлық экожүйесінің кіші жүйесі;

9) Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері – Қазақстан Республикасының шет елдердегі дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктері, сондай-ақ консулдық мекемелері.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 10.04.2026 № 131, ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 10.04.2026 № 100/НҚ және ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2026 № 263 (ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді және 31.12.2026 дейін қолданыста болады) бірлескен бұйрығымен.

3. Осы Қағидалар еңбек қызметін жүзеге асыру, бизнес-иммиграция, инвестициялық және туристік қызмет, білім алу, сондай-ақ гуманитарлық және саяси себептер бойынша Қазақстан Республикасына келетін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға қолданылмайды.

2-тарау. Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға көшіп келушілер үшін тестілеу мен сауалнама жүргізу, тексерулерді жүзеге асыру және әңгімелесуден өтудің тәртібі

4. Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға, оның ішінде қандас мәртебесін алу үшін көшіп келушілерге қазақ тілін білуін анықтауға арналған ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша тестілеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 23 қыркүйектегі № 458 бұйрығымен бекітілген "ҚАЗТЕСТ" қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау жүйесі бойынша қағидаларына (бұдан әрі – ҚАЗТЕСТ қағидалары) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35109 нөмірімен тіркелген) сәйкес ҚАЗТЕСТ цифрлық жүйесі арқылы онлайн форматта өткізіледі.

Қазақ тілін білуді бағалау онлайн форматта өткізіледі. Тестілеудің ұзақтығы – 1 сағат 10 минут. Тестілеу бір дұрыс жауабы бар 60 тапсырмадан тұратын мынадай блоктарды қамтиды:

Тыңдалым – 20 тапсырма (20 минут);

Оқылым – 40 тапсырма (50 минут).

ҚАЗТЕСТ тестілеуіне өтініштерді қабылдау Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің "Ұлттық тестілеу орталығы" Шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық Мемлекеттік кәсіпорнының app.testcenter.kz интернет-ресурсы арқылы жүзеге асырылады (бұдан әрі — ҰТО).

Енгізілген дербес және өзге де мәліметтердің дұрыстығы мен нақтылығы үшін тестілеуден өтуші тұлға жауапты болады.

Тестіленушіні тестілеу бағдарламасына жіберу берілген өтініш негізінде жүзеге асырылады. Өтініш беру кезінде тестіленуші тұлғаны сәйкестендіру үшін фотосурет қоса тіркелуі қажет.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұру үшін келген көшіп келушілер ҚАЗТЕСТ тестілеуінен өтуге берілген өтініш негізінде және жеке басын куәландыратын құжатты (шетел азаматының паспорты немесе халықаралық тәжірибеде танылатын өзге де құжат) ұсынған жағдайда жіберіледі.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұру үшін келген көшіп келушілер ҚАЗТЕСТ тестілеуінен өту қызметі үшін төлемі тестілеуге тіркеу жүйесінде көзделген электрондық төлем жүйелері арқылы онлайн режимде тек қана қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады.

Онлайн төлем сәтті аяқталғаннан кейін қалыптастырылатын төлем туралы мәліметтерді (тапсырыс нөмірі және басқа деректер) қамтитын электрондық түбіртек төлем жасалғанын растау құжаты болып табылады.

ҚАЗТЕСТ тестілеуінен өту кезінде прокторинг талаптарына сәйкес оқу-әдістемелік әдебиеттерді, фотоаппаратты, ақпаратты беру функциясы бар кез келген мобильді байланыс құралдарын (пейджерлер, ұялы телефондар, планшеттер, iPad (Айпад), iPod (Айпод), SmartPhone (Смартфон), ноутбуктер, плейерлер, модемдер (мобильді роутерлер)), сондай-ақ радиоэлектрондық байланыстың кез келген түрін (Wi-Fi (Вай-фай), Bluetooth (Блютуз), DECT (Дект), 3G (3 Джи), 4G (4 Джи), 5G (5 Джи), смарт-сағаттар, сымды және сымсыз құлаққаптар және өзге де құралдар), шпаргалкаларды пайдалануға тыйым салынады. Жоғарыда көрсетілген тыйым салынған заттар анықталған жағдайда немесе тестілеу қағидаларының өзге де бұзушылықтары орын алса, Қазақстан Республикасына тұрақты тұру үшін көшіп келуші 30 (отыз) күнтізбелік күнге ҚАЗТЕСТ тестілеуін тапсырудан шеттетіледі.

Мүгедекті бар адамдар ҚАЗТЕСТ тестілеуінен өтуге өтініш берген кезде жеке көмекшінің немесе ымдау тілі маманының қызметін пайдалану қажеттігін көрсетеді, және де оларға 40 (қырық) минут қосымша уақыт беріледі.

5. Мүгедектігі бар тұлғалар ҚАЗТЕСТ тестілеуінен өтуге өтінім беру кезінде апостильденген растайтын құжатты қоса тіркейді және жеке көмекшінің немесе ымдау тілі маманының қызметін пайдалану қажеттілігін көрсетеді, сондай-ақ қосымша уақыт - 40 (қырық) минут беріледі.

ҚАЗТЕСТ тестілеуінен өту кезінде есту, көру, тірек-қимыл аппараты функциялары бұзылған, сондай-ақ қозғалу мүмкіндігі шектеулі адамдарға жеке көмекшінің немесе ымдау тілі маманының көмегін пайдалануға рұқсат етіледі.

6. ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша онлайн-диагностикалық тестілеу нәтижелері тестілеу өткізілген күннен бастап және прокторинг жүйесін қолдану арқылы тексеру аяқталғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынылады.

Онлайн-диагностикалық тестілеуде әрбір блок бойынша 70 %-тен 100 %-ке дейінгі аралықта шекті көрсеткішін жинаған тұлғаларға осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес

онлайн-диагностикалық тестілеу сертификаты беріледі. Шекті көрсеткішті еңсере алмаған тұлғаларға осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес онлайн-диагностикалық тестілеу жөнінде анықтама беріледі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 10.04.2026 № 131, ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 10.04.2026 № 100/НҚ және ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2026 № 263 (ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді және 31.12.2026 дейін қолданыста болады) бірлескен бұйрығымен.

7. Онлайн-диагностикалық тестілеудің бір немесе екі блогы бойынша нәтижесі шекті көрсеткіштен (70 %) төмен болған жағдайда, соңғы тестілеуден өткен күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде тестілеуді екі реттен аспайтын мөлшерде қайта тапсыру мүмкіндігі беріледі.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 10.04.2026 № 131, ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 10.04.2026 № 100/НҚ және ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2026 № 263 (ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді және 31.12.2026 дейін қолданыста болады) бірлескен бұйрығымен.

8. Тестілеуден қайта өту осы Қағидаларда белгіленген тәртіпке сәйкес, тіркеу талаптарын сақтау және әрбір тестілеу әрекеті үшін қызмет ақысын міндетті түрде төлеу шартымен жүзеге асырылады.

9. Қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалауға арналған тестілеуден өту шарттары Қазақстан Республикасына тұрақты тұру үшін көшіп келушілерге қолданылады.

10. ҚАЗТЕСТ тестілеуінен сәтті өткенін растайтын қазақ тілін білу туралы онлайн-диагностикалық тестілеуі бойынша сертификаты бар өтініш беруші порталда осы Қағидаларға 3-қосымшада белгіленген нысан бойынша Қазақстан Республикасына тұрақты тұру үшін көшіп келушілерге арналған сауалнаманы электрондық форматта толтырады.

Сауалнаманы толтыруды өтініш беруші өзі таңдаған қазақ немесе орыс тілінде жеке түрде жүзеге асырады.

11. Сауалнаманы толтыру кезінде өтініш беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімін растайды, бұл өтінішті одан әрі қарау үшін міндетті шарт болып табылады.

11. Сауалнаманы толтыру кезінде өтініш беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес деректерді жинауға, өңдеуге және беруге келісімін растайды, бұл өтінішті одан әрі қараудың міндетті шарты болып табылады.

12. Сауалнаманы толтыру кезінде өтініш беруші сауалнамада көрсетілген әрбір тиісті бөлімге (мәліметке) растайтын құжаттарды (болған жағдайда) қоса тіркейді, енгізілген деректердің дұрыстығы мен шынайылығын растайды және сауалнаманы электрондық форматта жолдайды.

Өтініш беруші шынайы мәліметтерді көрсетуге міндетті және қажетті ақпаратты қасақана жасыруға және фактілерді бұрмалауға жол бермеуге тиіс.

13. Сауалнама тексеру нәтижелері бойынша оған бірегей тіркеу нөмірі беріледі, содан кейін ол порталда иммиграциялық әлеуетті өлшемшарттық бағалау жүйесіне сәйкес автоматтандырылған өңдеуге жіберіледі.

Өңдеу барысында өтініш берушіге және оның отбасы (болған жағдайда) мүшелеріне қатысты балдарды есептеу жүзеге асырылады, оның қорытындысы бойынша өтінімді қараудың алдын ала нәтижесі қалыптастырылады.

14. Белгіленген өту балына қол жеткізілген жағдайда өтініш берушінің порталында мынадай мазмұндағы хабарлама көрсетіледі:

"Сіз өту балын жинадыңыз. Өтініміңіз жұмысқа қабылданды және уәкілетті органның қарауына жіберілді".

Өту балына қол жеткізілмеген жағдайда өтініш берушіге "Бағалау нәтижелері бойынша өту балына қол жеткізілмеді. Осы кезеңде өтінім уәкілетті органның қарауына жіберілмейді" деген бас тарту туралы хабарлама көрсетіледі, онда сауалнаманы қайта тапсыру мүмкіндігі мен мерзімдері көрсетіледі.

15. Сауалнаманы қайта толтыруға келесі мерзімдерде жол беріледі:

- 1) 1 айдан кейін - бірінші қайталау;
- 2) 3 айдан кейін - екінші қайталау;
- 3) әрбір кейінгі жүгінуге алдыңғы берілген күннен бастап 6 айдан ерте емес рұқсат етіледі.

16. Балдық бағалаудан өткеннен және өтінім жұмысқа қабылданғаннан кейін өтініш берушінің автоматты режим туралы мәліметтер "Қандас" ААЖ-ға жасалған құқық бұзушылықтардың болуы не болмауы, өтініш берушінің және оның отбасы мүшелерінің (болған жағдайда) террористік немесе экстремистік ұйымдарға, діни деструктивті ағымға ықтимал тиесілігі мәніне тексеру жүргізу үшін беріледі, олардың болуы көшіп келушілердің Қазақстан Республикасына келуін шектеу үшін негіз болып табылады.

Тексеруді келесі мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде өтініш берушінің "Қандас" ААЖ электрондық сауалнамасына қол жеткізу арқылы жүзеге асырады:

- 1) ішкі істер органдарының аумақтық бөлімшелері;
- 2) ұлттық қауіпсіздік органдарының аумақтық бөлімшелері.

17. Ішкі істер органдарының, ұлттық қауіпсіздік органдарының аумақтық бөлімшелері "Қандас" ААЖ арқылы құжаттар алынған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде өтініш берушіге қатысты төмендегілер бойынша:

- 1) өтініш берушінің Қазақстан Республикасының аумағында жасаған құқық бұзушылықтарының болуы немесе болмауы;
- 2) өтініш берушінің террористік немесе экстремистік ұйымдарға, деструктивті діни ағымдарға қатыстылығы туралы мәліметтердің бар-жоғын тексереді.

18. Ведомствоаралық тексеру нәтижелері бойынша өтініш беруші туралы мәліметтер негізінде "Қандас" ААЖ-да өтініш берушіні әңгімелесуге жіберу мүмкіндігі немесе мүмкін еместігі туралы хабарлама қалыптастырылады.

19. Әңгімелесуге жіберуден бас тарту үшін:

1) осы Қағидалардың 15-тармағында көзделген мемлекеттік органдардың кем дегенде біреуінің ведомствоаралық тексеру нәтижелері бойынша теріс қорытынды алуы;

2) өтініш берушінің дәйексіз, толық емес не бұрмаланған мәліметтерді, сондай-ақ жалған немесе жарамсыз құжаттарды ұсыну фактісін анықтау;

3) өтініш берушіде және оның отбасы мүшелерінде (болған жағдайда) алынбаған немесе өтелмеген соттылығының не Қазақстан Республикасына келуін немесе болуын шектеу үшін негіз болып табылатын құқық бұзушылықтар жасағаны туралы мәліметтердің болуы;

4) өтініш берушінің және (болған жағдайда) оның отбасы мүшелерінің террористік немесе экстремистік ұйымдарға, сондай-ақ деструктивті діни ағымдарға ықтимал қатыстылығы фактісін анықтау негіз болып табылады.

20. Осы Қағидалардың 18-тармағында көзделген бас тарту негіздері болмаған жағдайда өтініш беруші әңгімелесуден өтуге жіберіледі, бұл туралы халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган және шетелдегі мекеме өтініш берушінің порталдағы жеке кабинетіне 2 (екі) жұмыс күні ішінде әңгімелесуді өткізу күні мен уақытын, сондай-ақ оны өткізу форматын (онлайн немесе офлайн) көрсете отырып тиісті хабарлама жібереді.

21. Осы Қағидалардың 18-тармағының 2) тармақшасында көзделген фактілер жойылған жағдайда өтініш беруші қосымша тексеруден кейін мынадай мерзімдерде қайта әңгімелесуден өтуге жіберіледі:

1) 1 ай өткен соң – бірінші қайта өту;

2) 3 ай өткен соң – екінші қайта өту;

3) әрбір кейінгі өтініш алдыңғы өтініш берілген күннен бастап кемінде 6 ай өткен соң ғана жол беріледі.

22. Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган тиісті рұқсат алған көшіп келушілермен әңгімелесу өткізуді жүзеге асырады.

Визалық режим қолданылатын елдерден көшіп келушілер В8 және С1 санаттарындағы визаларды ресімдеу кезінде Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінде әңгімелесуден өтеді.

Әңгімелесу өтініш берушіге әңгімелесу жүргізілетіні туралы хабарлама жіберілген күннен бастап не мессенджерлер мен нақты уақыт режимінде бейнебайланысты қамтамасыз ететін өзге де электрондық коммуникация құралдарын пайдалана отырып қашықтан қатысуға техникалық мүмкіндіктің расталған күнінен бастап, өтініш

берушінің жеке басы сәйкестендірілген жағдайда, 5 (бес) жұмыс күні ішінде офлайн немесе онлайн форматта өткізіледі.

Әңгімелесуге қатысуға байланысты барлық шығыстарды (әңгімелесу өткізілетін жерге бару және кері қайту, тұрғын үй жалдау, тұру, байланыс қызметтерінің барлық түрлерін пайдалану) өтініш беруші өз қаражаты есебінен көтереді.

Әңгімелесуді өткізу күні, уақыты, форматы (онлайн немесе офлайн) және орны туралы мәліметтер өтініш берушінің порталдағы жеке кабинетінде көрсетіледі.

23. Өтініш беруші офлайн - әңгімелесуден өту үшін белгіленген уақытта келу мүмкін болмаған не дәлелді себептер бойынша онлайн-әңгімелесуге қатысу мүмкін болмаған жағдайда, өтініш беруші халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органды себептерін көрсете отырып, әңгімелесуді өткізу мерзімін ауыстыру туралы белгіленген күнге дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етеді.

24. Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган Қазақстан Республикасында тұрақты тұру үшін, оның ішінде қандас мәртебесін беру үшін көшіп келушілерді өлшемшарттық бағалау нәтижелері туралы осы Қағидаларға 4 және 5-қосымшаларға сәйкес өту форматына қарамастан әңгімелесу өткізілген күнінен 2 (екі) жұмыс күні ішінде туралы өтініш берушіні хабардар етеді.

Хабарламаның қолданылу мерзімі оны әлеуметтік қорғау және халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган немесе Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемесі берген күннен бастап 1 (бір) жылды құрайды.

25. Әңгімелесу нәтижелері "Қандас" ААЖ-ға міндетті түрде енгізілуге тиіс.

26. Әңгімелесуден өту нәтижесі оң болған жағдайда өтініш берушіге " Шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру" және "Қандас мәртебесін беру және ұзарту" мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін одан әрі алуға қол жетімділік беріледі.

Өтініш беруші әңгімелесуден өтпеген жағдайда, оны өткізу форматына қарамастан, өтініш беруші одан әрі көші-қон рәсімдеріне жіберілмейді.

27. Бес кезеңнен тұратын цифрлық бағалаудың жалпы мерзімі өтініш берушінің сауалнамасы келіп түскен күннен бастап 29 (жиырма тоғыз) жұмыс күнінен аспайды.

3-тарау. Сауалнама нәтижелерін есептеу тәртібі

28. Иммиграциялық әлеуетті өлшемшарттық бағалау жүйесі халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган айқындаған өлшемшарттар жиынтығы бойынша өтініш берушінің профилін автоматты түрде бағалауды білдіреді. Әрбір өлшемшарттың маңыздылығын көрсететін белгіленген салмағы (балдық коэффициенті) болады.

№	Өлшемшарт
---	-----------

1.	Демографиялық көрсеткіш
2.	Білім беру деңгейі
3.	Тілді меңгеру деңгейі
4.	Қазақстан Республикасында оқу және/немесе жұмыс тәжірибесі
5.	Басқа елдерде оқу және/немесе жұмыс істеу тәжірибесі
6.	Кәсіби құзыреттіліктердің бейімделу көрсеткіштері
7.	Қосымша көрсеткіштер мен шарттар
8.	Денсаулық жағдайы

Өлшемшарт сипаттамасы:

1) демографиялық көрсеткіш (ДК):

Ұпай диапазоны: 0-ден 110 баллға дейін;

Өлшемшарт өтініш берушінің жас ерекшеліктерін, олардың еңбек әлеуетіне, бейімделу мүмкіндіктеріне және Қазақстан Республикасындағы болжамды экономикалық белсенділік ұзақтығына ықпалын айқындайды. Бағалау құжаттамалық түрде расталған деректер негізінде автоматты түрде жүзеге асырылады.

2) Білім деңгейі (БД):

Баллдар диапазоны: 0-ден 150 баллға дейін;

Критерий өтініш берушінің алған білім деңгейін, оның кәсіптік даярлығын және еңбек нарығындағы әлеуетті сұранысын ескереді. Баллдар білім туралы растайтын құжаттар негізінде, дипломның түпнұсқалығын тексеру немесе дипломды апостильдеу арқылы беріледі.

3) қазақ тілді білу (ТБ):

Ұпай диапазоны: 0-ден 120-ға дейін.

Бағалау өтініш берушінің әлеуметтік және кәсіби интеграциясына әсер ететін мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін ескере отырып жүргізіледі.

Мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін бағалау қатысушы ұсынған тестілеудің ресми нәтижелері негізінде жүзеге асырылады. Мемлекеттік тілді меңгеру деңгейі өтініш берілген күні жарамды онлайн-диагностикалық тестілеуі бойынша сертификатпен расталады.

Балдарды есептеу мемлекеттік тілді меңгерудің расталған деңгейіне барабар не бекітілген бағалау шкаласына сәйкес жүзеге асырылады.

Қосымша орыс тілін меңгеру (ТБ):

Ұпай диапазоны: 0-ден 80-ге дейін.

Қосымша ағылшын тілін білу (ТБ):

Ұпай диапазоны: 0-ден 80-ге дейін.

4) Қазақстан Республикасында оқу және/немесе жұмыс тәжірибесі (ОЖТ):

Ұпай диапазоны: 0-ден 80-ге дейін;

Өлшемшарт өтініш берушінің Қазақстан Республикасының аумағында оқытудың және (немесе) еңбек қызметінің расталған тәжірибесінің болуы мен ұзақтығын, сондай-ақ оның елдің әлеуметтік-экономикалық ортасына интеграциялану дәрежесін көрсетеді.

5) басқа елдерде оқу және/немесе жұмыс тәжірибесі (БЕЖТ):

Ұпай диапазоны: 0-ден 80-ге дейін;

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде оқытудың және (немесе) еңбек қызметінің жаңа ортаға бейімделуін, кәсіби ұтқырлығын және интеграциялану қабілетін сипаттайтын расталған тәжірибесі ескеріледі.

6) кәсіби құзыреттердің бейімделу көрсеткіштері (КК):

Ұпай диапазоны: 0-ден 80-ге дейін;

Өлшемшарт кәсіби дағдыларды, білім деңгейін, тілдік даярлықты және жұмыс тәжірибесін жиынтық бағалау негізінде қалыптастырылады, олар бірлесіп өтініш берушінің табысты интеграциялану әлеуетін арттырады.

7) қосымша көрсеткіштер мен шарттар (ҚК):

Ұпай диапазоны: 0-ден 200-ге дейін;

45 жастан бастап және одан жоғары жастағы өтініш берушілер үшін тұрақты интеграцияға ықпал ететін әлеуметтік және отбасылық факторлар, оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында заңды негізде тұрақты тұратын жақын туыстарының болуы ескеріледі.

8) денсаулық жағдайы (ДЖ):

Коэффициенттер диапазоны: 0-ден 1-ге дейін.

Өлшемшарт өтініш берушінің денсаулық жағдайының оның еңбекке қабілеттілігі мен бейімделу мүмкіндіктеріне әсерін ескереді. Бағалау медициналық қорытынды негізінде жалпы нәтижені түзету түрінде қолданылады.

Ескерту. 28-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 10.04.2026 № 131, ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 10.04.2026 № 100/НҚ және ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2026 № 263 (ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді және 31.12.2026 дейін қолданыста болады) бірлескен бұйрығымен.

4-тарау. Иммиграциялық әлеуетті өлшемшарттық бағалау нәтижелерін есептеу тәртібі

29. Өтініш беруші енгізген деректер мен тексеру нәтижелері негізінде иммиграциялық әлеуетті өлшемшарттық бағалау жүйесі әрбір критерий бойынша автоматты түрде есептейді және балл береді.

Иммиграциялық әлеуетті критерийлік бағалау жүйесінің балдары мына формула бойынша есептеледі:

Жалпы балл = (ДК + БД + ТБ + ОЖТ + БЕЖТ + ҚК) × ДЖ + ҚК, мұнда әрбір көрсеткіш тиісті критерий бойынша балды білдіреді.

Иммиграциялық әлеуетті критерийлік бағалау жүйесі бойынша ең төменгі өту балы кемінде 600 балды құрайды.



Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 10.04.2026 № 131, ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 10.04.2026 № 100/НҚ және ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2026 № 263 (ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді және 31.12.2026 дейін қолданыста болады) бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасына
тұрақты тұруға көшіп-қонушылар үшін
тестілеу,
сауалнама жүргізу және сұхбат
өткізу қағидаларына
1-қосымша

Нысан

ҚАЗТЕСТ қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау жүйесінің онлайн-диагностикалық тестілеуі бойынша сертификат үлгісі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 10.04.2026 № 131, ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 10.04.2026 № 100/НҚ және ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2026 № 263 (ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді және 31.12.2026 дейін қолданыста болады) бірлескен бұйрығымен.

	QAZTEST ҚАЗАҚ ТІЛІН МЕҢГЕРУ ДЕҢГЕЙІН БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ	
СЕРТИФИКАТ ОНЛАЙН-ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ТЕСТІЛЕУ Осы сертификат иммигранттарға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға арналған құжаттарды алу үшін жарамды		Тапсырған күні: ____/____/____ Берілген күні: ____/____/____ Бірегей нөмір: Жарамдылық мерзімі: __ жыл (____ ж. дейін)

Тестіленуші туралы ақпарат

Тегі: _____

Есімі: _____

ТЖК: _____

Жеке басын куәландыратын құжат:	

№:

мерзімі: __. __. ____

ФОТО

Блоктар:	Жинаған балдары:	
Тыңдалым (20 тапсырма)	__ балл (__ %)	
Оқылым (40 тапсырма)	__ балл (__ %)	
Барлығы:	__ балл (__ %)	

Жеке басын куәландыратын құжат болған жағдайда жарамды



Қазақстан Республикасына
тұрақты тұруға көшіп-қонушылар үшін
тестілеу,
сауалнама жүргізу және сұхбат
өткізу қағидаларына 2-қосымша

Нысан

ҚАЗТЕСТ қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау жүйесінің онлайн-диагностикалық тестілеуі бойынша анықтама үлгісі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 10.04.2026 № 131, ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 10.04.2026 № 100/НҚ және ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2026 № 263 (ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді және 31.12.2026 дейін қолданыста болады) бірлескен бұйрығымен.

--	--	--	--



QAZTEST

ҚАЗАҚ ТІЛІН
МЕҢГЕРУ
ДЕҢГЕЙІН
БАҒАЛАУ
ЖҮЙЕСІ



АНЫҚТАМА

ОНЛАЙН-ДИАГНОСТИКАЛЫҚ
ТЕСТІЛЕУ

Тапсырған күні: ____ / ____ / ____

Берілген күні: ____ / ____ / ____

Бірегей нөмір:

ТЖК:

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

Осы анықтама тестіленушінің қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері бойынша онлайн диагностикалық тестілеуге қатысқанын әрбір блок бойынша 70% шекті көрсеткішін алмағанын растайды.

Тест блоктары бойынша нәтиже:

Блоктар:	Жинаған балдары:
Тыңдалым (20 тапсырма)	__ балл (__ %)
Оқылым (40 тапсырма)	__ балл (__ %)
Барлығы:	__ балл (__ %)

Жеке басын куәландыратын құжат болған жағдайда жарамды



Қазақстан Республикасына
тұрақты тұруға көшіп келушілер
үшін тестілеу, сауалнама
жүргізу және әңгімелесу
өткізу қағидаларына
3-қосымша

Қазақстан Республикасына көшіп келушілер үшін сауалнама

№	Атауы	Толтырылатын ақпарат
1. Жеке деректер		
1.	Тегі (латынша/ кириллица)	
2.	Аты (латынша/ кириллица)	

3.	Әкесінің аты (бар болған жағдайда , латынша/ кириллица)	
4.	Тегіңізді, аты-жөніңізді немесе Әкеңіздің атын өзгерттіңіз бе? (Егер иә болса оларды, сондай-ақ қашан, қайда және қандай себеппен өзгертілгенін көрсетіңіз)	
5.	Жынысы	<input type="checkbox"/> Ер <input type="checkbox"/> Әйел
6.	Туған күні	___ / ___ / _____ (күн/ай/жыл)
7.	Туған елі	
8.	Туған қаласы / жері	
9.	Азаматтық	
10.	Ұлты	
11	Отбасылық жағдайы	
2. Паспорт деректері		
1.	Құжат түрі:	Шетел азаматының төлқұжаты Азаматы жоқ адамның құжаты Туу туралы куәлік
2.	Құжаттың нөмірі	
3.	Берілген күні:	___ / ___ / _____ (күн/ай/жыл)
4.	Мерзімнің өту күні	___ / ___ / _____ (күн/ай/жыл)
5.	Құжатты берген ел және орган:	
6.	Сіз өтініш беріп жатқан ел (туған елінен өзгеше болса):	
7.	Фотосурет	(600×600 пиксель өлшемді, ақ фонда, көзілдіріксіз цмфрлық фотосуретті тіркеңіз)
3. Байланыс мәліметтері		
1.	Ел:	
2.	Тұрақты тұратын мекенжайы:	
3.	Соңғы 5 жылдағы тұрғылықты мекенжайы (егер өзгертген жағдайында)	
4.	Телефон (мемлекеттің кодымен):	
5.	Қазақстандағы мекенжай (егер бар болса)	
6.	Телефон (ұялы):	
7.	Email:	
4. Білімі		
1.	Білім деңгейі	
2.	Диплом/ куәлік нөмірі	

3.	Білім беру мекемесінің атауы (бар болған кезде)	
4.	Мамандығы	
5.	Оқу бітірген жылы	
6.	Қазақ тілін білу деңгейі	<input type="checkbox"/> Мүлдем білмеймін <input type="checkbox"/> Базалық <input type="checkbox"/> Орташа <input type="checkbox"/> Жоғары
7.	Тіл білу деңгейі, ол IELTS не TOEFL, ТРКИ (TORFL) арқылы расталады.	<input type="checkbox"/> Мүлдем білмеймін <input type="checkbox"/> Базалық <input type="checkbox"/> Орташа <input type="checkbox"/> Жоғары Қосымша бет барлық тілдермен ашылуы керек
8.	Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы	
9.	Қандай ғылыми еңбектеріңіз және өнертабыстарыңыз бар?	
5. Жолсапар туралы ақпарат		
1.	Сапар мақсаты:	<input type="checkbox"/> Тұрақты тұруға <input type="checkbox"/> Басқа
2.	Этникалық қазақтар үшін қоныстану өңіріне көшуге келісім	
3.	Жоспарланған келу күні:	
4.	Болу ұзақтығы (күнмен санағанда)	
5.	Баратын елдегі болу мекенжайы	
6.	Байланыс жасайтын тұлға	
7.	телефон/ Email	
6. Денсаулық туралы ақпарат		
1.	Сізде келесі аурулар бар ма:	
2.	ТуберкулҰз	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
3.	АИТВ инфекция және оны жұқтыру бар ма	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
4.	Созылмалы вирустық гепатит және бауыр циррозы	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
5.	Қатерлі жаңа ісіктері (рак)	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
6.	Қант диабеті	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
7.	Баланың церебралды параличі	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
8.	Миокард жіті инфаркты (бастапқы 6 ай)	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
9.	Ревматизм	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
10.	Дәнекер тіннің зақымдалған ауруы	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
11.	Нерв жүйесінің дегенеративтік аурулары	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ

12.	Орталық нерв жүйесінің демиелиленген аурулары	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
13.	Орфандық аурулары (сирек)	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
14.	Психикалық және мінез-құлықтық бұзылушылықтары	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
15.	1-топтағы мүгедектік	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
16.	2-топтағы мүгедектік	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
17.	3-топтағы мүгедектік	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
18.	Наркологиялық не психоневрологиялық есепте тұрасыз ба?	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
7. Құжаттар және келісім туралы ақпарат		
1.	Шетелге шығуға берешектің шектеулердің бар-жоғы	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
2.	Есірткі және психоактивті заттарды қолдану мәніне медициналық тексеруден өтуге дайынсыз ба?	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
3.	Дербес деректерді беруге келісім	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
8. Құқық бұзушылықтар туралы ақпарат		
1.	Басқа елден депортацияландыңыз ба?	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
2.	Сотталғаныңыз туралы мәліметтің бар-жоғы?	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
3.	Террористік немесе экстремистік ұйымдармен байланыс болды ма?	
4.	Деструктивті ағымдарға қатысыңыз бар ма?	
5.	Сіз бұрын виза режимін бұздыңыз ба?	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
6.	Жұмыс істеуді жоспарлап отырсыз ба?	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
7.	Егер "Иә" болса, түсініктеме беріңіз:	
8.	Туыстарыңыз басқа елден депортацияланды ма?	
9.	Туыстарыңыз сотталған ба?	
10.	Жұбайыңыз (болған жағдайда) сізбен бірге көшіп келеді ме?	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
9. Жұмыс тәжірибесі		
1.	Жалпы жұмыс тәжірибесі:	
2.	Лауазымы:	
3.	Компания атауы:	
4.	Қала/Ел:	
5.	Соңғы жұмыс орны (мерзімі):	___ / ___ / ___ дан ___ / ___ / ___ дейін__

6.	Шетелде жұмыс істеу тәжірибеңіз бар ма?	
7.	Егер иә болса, елді, лауазымды және кезеңді көрсетіңіз:	
10. Әскери қызмет		
1.	Әскерде қызмет еттіңіз бе?	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
2.	Егер иә болса, қай елде?:	
3.	Қай әскер түрінде, лауазымы?:	
4.	Қызмет ету мерзімі:	__ / __ / ____ __ / __ /
5.	Әскери қимылдарға қатыстыңыз ба?	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
6.	Егер иә болса, қайда және қашан?	
11. Қазақстан Республикасына бұдан бұрынғы сапарлар		
1.	Сіз бұрын-соңды Қазақстан Республикасында болдыңыз ба?	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
2.	Егер иә болса: сапар күндері	
3.	Виза түрі	
12. Туыстары туралы ақпарат		
1.	Атасы (әкесінің әкесі):	Т.А.Ә. (болған жағдайда) _____ — Туған жылы _____ Азаматтығы _____ Тұрғылықты мекенжайы _____ — <input type="checkbox"/> тірі <input type="checkbox"/> қайтыс болған
2.	Әжесі (әкесінің анасы):	Т.А.Ә. (болған жағдайда) _____ — Туған жылы _____ Азаматтығы _____ Тұрғылықты мекенжайы _____ — <input type="checkbox"/> тірі <input type="checkbox"/> қайтыс болған
3.	Атасы (анасының әкесі):	Т.А.Ә. (болған жағдайда) _____ — Туған жылы _____ Азаматтығы _____ Тұрғылықты мекенжайы _____ — <input type="checkbox"/> тірі <input type="checkbox"/> қайтыс болған
4.	Әжесі (анасының анасы):	Т.А.Ә. (болған жағдайда) _____ — Туған жылы _____ Азаматтығы _____ Тұрғылықты мекенжайы _____ — <input type="checkbox"/> тірі <input type="checkbox"/> қайтыс болған

5.	Әкесі:	Т.А.Ә. (болған жағдайда) _____ — Туған жылы _____ Азаматтығы _____ Тұрғылықты мекенжайы _____ — <input type="checkbox"/> тірі <input type="checkbox"/> қайтыс болған
6.	Анасы:	Т.А.Ә. (болған жағдайда) _____ — Туған жылы _____ Азаматтығы _____ Тұрғылықты мекенжайы _____ — <input type="checkbox"/> тірі <input type="checkbox"/> қайтыс болған
7.	Туған аға-інілер саны:	
8.	Туған апа-сіңлі мен қарындастар саны:	
9.	(Әрбіріне толтырыңыз) Т.А.Ә. (болған жағдайда): Туған күні Азаматтығы Тұрғылықты жері	_____/_____ _____/_____ _____/_____ _____/_____
10.	Жұбайының аты-жөні Туған күні азаматтығы	_____/_____ _____/_____ _____/_____
11.	неке жағдайы:	<input type="checkbox"/> үйленген/тұрмыста <input type="checkbox"/> ажырасқан <input type="checkbox"/> жесір
12.	Некеге тұрған күні:	___ / ___ / _____
13.	Балалар саны:	___
14.	Әрбіріне толтырыңыз. Балаларының аты-жөні: Туған күні азаматтығы	_____/_____ _____/_____ _____/_____
15.	Балаларыңыз (болған жағдайда) Сізбен бірге көшеді ме	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
16.	Немерелер (болған жағдайда) саны (егер болса)	___
17.	Аты-жөндері әрбіріне толтырыңыз : Туған күндері Ата-аналары: Азаматтығы	_____/_____ _____/_____ _____/_____
18.	Немерелер Сізбен бірге көшеді ме ?	<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
13. Басқасы		

1.	Қазақстан Республикасында тырғыңыз келгеннің себебін көрсетіңіз?	
2.	Қазақстан Республикасында тұратын туыстарыңыз немесе достарыңыз бар ма?	[] Иә [] Жоқ

Осы сауалнама арқылы мен көрсетілген барлық ақпараттың шындыққа жанасатынын және қажет болған жағдайда тиісті құжаттар арқылы расталуы мүмкін екенін растаймын.

Қолы _____ толтырылған күні: ____ / ____ / ____

Қазақстан Республикасына
тұрақты тұруға көшіп-
қонушылар үшін тестілеу,
сауалнама жүргізу
және сұхбат өткізу
қағидаларына
4-қосымша

ХАБАРЛАМА Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға арналған құжаттарды ресімдеу үшін көшіп келушілердің өлшемшарттық бағалаудан өтуі туралы 202__ ж. № __

(халықтың әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту жөніндегі жергілікті атқарушы орган)

"Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға көшіп келушілерді тестілеу, сауалнама жүргізу және сұхбат өткізу қағидаларына сәйкес көшіп келушінің сауалнамасын және өтініш беруші ұсынған материалдарды қарап, келесі шешім қабылданды:

Өтініштің нөмірі	
Мәртебесі	Мақұлданды
Өтініштің түрі	Қазақстанға көшуді жоспарлау

Қызмет алушы және оның отбасы мүшелері (болған жағдайда) туралы мәлімет:

ЖСН (болған кезде)	Аты жөні	Туған жылы, күні	Жынысы	Туыстық дәрежесі

Мақұлдау үшін негізі:

Өтініш беруші және оның отбасы мүшелері қолданыстағы заңнамада көзделген белгіленген

талаптар мен критерийлерге сәйкес келеді және Қазақстан Республикасына қоныс аударуға құқылы.

Жарамдылық мерзімі: 202___.___. бастап 202___.___.дейін.

Басшы _____ (ЭЦҚ)

Қазақстан Республикасына
тұрақты тұруға көшіп келушілер

ХАБАРЛАМА көшіп келушілерге Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға арналған құжаттарды ресімдеуден бас тарту туралы 202__ ж. _____ №

(халықтың әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту жөніндегі жергілікті атқарушы орган)

"Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға көшіп келушілер үшін тестілеу, сауалнама жүргізу және

әңгімелесу өткізу қағидаларына сәйкес, көшіп келушілер сауалнамасын және өтініш беруші

ұсынған материалдарды қарап, келесі шешім қабылданды:

Өтініштің нөмірі	
Статус	Мақұлданбады
Өтініштің түрі	Қазақстанға көшуді жоспарлау

Қызмет алушы және оның отбасы мүшелері (болған жағдайда) туралы ақпарат:

ЖСН (болған кезде)	Аты жөні	Туған жылы, күні	Жынысы	Туыстық дәрежесі

Өтініш беруші және/немесе олардың отбасы мүшелері қолданыстағы заңнамада көзделген белгіленген талаптар мен критерийлерге сәйкес келмейді.

Бас тарту себебі:

Құжаттар жиынтығы толық емес.

Ескерту:

Дипломның сканерленген көшірмесі берілмеді.

Басшы _____

(ЭЦҚ)

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Жасанды интеллект және
инновациялық даму министрінің
2026 жылғы 30 қаңтардағы № 47,
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің
2026 жылғы 30 қаңтардағы № 41
және Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің

Қандас мәртебесін беру қағидалары

1-тарау. Жалпы қағидалар

1. Осы Қандас мәртебесін беру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі - Заң) 11-бабының 9) тармақшасына сәйкес әзірленді және қандас мәртебесін беру тәртібін анықтайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету, өтініштерді қабылдауды және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті алушыға "бір терезе" қағидаты бойынша беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру және мемлекеттік қызметтерді электронды түрде көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;

2) әлеуметтік келісімшарт – жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысушы мен еңбек мобильділігі орталығы (мансап орталығы) арасындағы, ал Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде көзделген жағдайларда жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын ұйымдастыруға тартылған жеке немесе заңды тұлғалармен, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету туралы тараптардың құқықтары мен міндеттерін анықтайтын келісім;

3) бейімделу және интеграциялық қызметтер – қоғамға бейімделу және интеграциялау мақсатында қандастар мен олардың отбасы мүшелеріне көрсетілетін қызметтер жиынтығы (ақпараттық, заңдық, әлеуметтік, медициналық және білім беру);

4) "Бір өтініш" қағидаты – бір өтініш негізінде көрсетілетін бірнеше мемлекеттік қызметтердің жиынтығын көздейтін мемлекеттік қызмет көрсету нысаны;

5) "Жеке тұлғалар" мемлекеттік деректер қорының" ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ЖТ МДҚ) – азаматтық жағдайды сәйкестендіру және айқындау үшін жеткілікті Қазақстан Республикасының жеке тұлғалары туралы ақпаратты тіркеу және сақтаудың бірыңғай жүйесі;

6) "Көші-қон полициясы" ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – "Көші-қон полициясы" АЖ) – шетелдіктерді, босқындарды және азаматтығы жоқ адамдарды есепке алу мен тіркеу бойынша қызметті автоматтандыруға арналған Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ақпараттық жүйесі;

7) қызмет беруші – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қыркүйектегі № 765 қаулысымен белгіленген өңірлердің жергілікті атқарушы органдары;

8) қандас – бұрын Қазақстан Республикасының азаматтығында болмаған, халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен тиісті мәртебе алған этникалық қазақ және (немесе) оның ұлты қазақ отбасы мүшелері;

9) "Қандас" автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – "Қандас" ААЖ) – этникалық қазақтар мен қандастар үшін мемлекеттік қызмет көрсету процесін автоматтандыруға арналған әлеуметтік-еңбек саласының бірыңғай ақпараттық жүйесі құрамындағы жүйе;

10) қандастарды қабылдау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) – құрамына мәслихат депутаттары, мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері кіретін қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу және/немесе қандас мәртебесін беру жөніндегі өтініштерін қарау үшін көрсетілетін қызметті беруші құрған комиссия;

11) қоныстандыру өңірлері – Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келетін көшіп келушілерді қоныстандыруға арналған өңірлер;

12) "migration.enbek.kz" көші-қон процесі порталы (бұдан әрі – Портал) – көшіп қонушыларды тіркеу мен қозғалысын, сондай-ақ көші-қон саласындағы қызметтердің көрсетуін бақылауды қамтамасыз ететін "Электрондық еңбек биржасы" (enbek.kz) ақпараттық экожүйесінің кіші жүйесі;

13) "migration.enbek.kz" көші-қон процестері порталының мобильді қосымшасы (бұдан әрі – мобильді қосымша) – ұялы байланыс абоненттік құрылғысына орнатылып, іске қосылатын және ұялы байланыс пен Интернет арқылы электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтер мен функцияларға қолжетімділікті қамтамасыз ететін бағдарламалық өнім;

14) өтініш беруші – Қазақстан Республикасына қоныс аударушы және қандас мәртебесін алу мен қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуге өтініш берген көшіп келушілерге арналған жүгіну бойынша оң шешім алған этникалық қазақ текті жеке тұлға және оның отбасы мүшелері (бар болса) немесе Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтер және жұмыспен қамтуға ықпал етудің белсенді шараларын алуға үміткер қандастар, қандастардың жесірлері және олардың ортақ балалары;

15) халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган – өз құзыреті шегінде халықтың көші-қоны саласында басшылықты жүзеге асыратын, көші-қон процестерін реттейтін, жұмысты үйлестіретін және халықтың көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыратын орталық атқарушы орган;

16) халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган – халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту

саласындағы бағыттарды айқындайтын, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келетін көшіп келушілерді қоныстандыруға арналған өңірлердің жергілікті атқарушы органы;

17) электрондық үкіметтің веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, мемлекеттік қызметтер көрсетуге қатысатын мемлекеттік органдар мен өзге де субъектілер орналастыратын шоғырландырылған ақпаратқа, сондай-ақ электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің "бірыңғай терезесін" білдіретін ақпараттық объект;

18) этникалық қазақ – қазақ ұлтынан шыққан шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам ;

19) иммиграциялық әлеуетті критерийлерге негізделген бағалау жүйесі – әлеуметтік-демографиялық, білім беру, тілдік, кәсіби және басқа да бейімделу көрсеткіштерінің үйлесімі негізінде көшіп қонуға өтініш берушілерді сандық бағалау және рәнжірлеуге арналған балдық модельге негізделген құрылымдық құрал;

20) Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға иммигранттарды іріктеу туралы хабарлама – иммиграциялық әлеуетті критерийлік бағалау жүйесінен өту нәтижелері негізінде қабылданатын, "Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру" және "Кандидат мәртебесін беру" мемлекеттік қызметтеріне қабылдау немесе қабылдаудан бас тарту туралы жергілікті атқарушы органның құжаты;

21) Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері – шет мемлекеттер аумағында орналасқан Қазақстан Республикасының дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктері, сондай-ақ консулдық мекемелері.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 10.04.2026 № 131, ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 10.04.2026 № 100/НҚ және ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2026 № 263 (ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді және 31.12.2026 дейін қолданыста болады) бірлескен бұйрығымен.

2-тарау. Қандас мәртебесін беру тәртібі

3. Қандас мәртебесі тек Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген қоныстану өңірлеріне міндетті түрде қоныс аудару жағдайларында, ұзарту құқығынсыз 5 (бес) жыл мерзімге беріледі.

4. Этникалық қазақтарға және олардың отбасы мүшелеріне (болған жағдайда) қандас мәртебесі тек Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бірлескен бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға көшіп келушілерді тестілеу, сауалнама жүргізу және сұхбат өткізу

қағидаларында көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген қандастарды қабылдайтын өңірлердің жергілікті атқарушы органдары берген Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға көшіп келушілердің іріктеуден өткені туралы хабарлама болған жағдайда ғана берілуі мүмкін.

5. Қандас мәртебесін беру туралы өтінішті (бұдан әрі - өтініш) өтініш беруші Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленген қандастарды және қоныстанушыларды қабылдайтын үшін өңірлерге осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "migration.enbek.kz" көші-қон процестері порталы, ақпараттық технологиялар құралы: мобильді қосымша, Мемлекеттік корпорация немесе www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "Қандас мәртебесін беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде (бұдан әрі - Тізбе) көрсетілген құжаттар қоса берілген құжаттармен бірге береді.

6. "Migration.enbek.kz" көші-қон процестері порталы немесе мобильді қосымша арқылы берілген өтініш халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың қарауы үшін "Қандас" ААЖ-ға түседі, өтініш берушіге оның өтінішінің осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тіркелгені туралы хабарланады.

7. Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері арқылы берілген өтініш Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемесінің қызметкерімен "Қандас" ААЖ-де тіркеледі және "Қандас" ААЖ арқылы халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органға жіберіледі, бұл ретте өтініш берушіге осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оның өтінішінің тіркелгені туралы хабарлама жолданады.

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

Құжаттарды қабылдауды жүзеге асыратын Мемлекеттік корпорацияның қызметкері ұсынылған құжаттардың толықтығын және олардың қолданылу мерзімін тексереді.

Құжаттардың толық топтамасы ұсынылған жағдайда Мемлекеттік корпорацияның қызметкері құжаттарды қабылдап, қызмет алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат береді.

Қызмет алушы құжаттардың толық емес топтамасын ұсынған жағдайда Мемлекеттік корпорацияның қызметкері құжаттарды қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

8. Қызмет көрсетуші өтініш келіп түскен күннен кейінгі бір жұмыс күні ішінде келіп түскен құжаттарды қарайды және өтініш беруші ұсынған құжаттар топтамасының толықтығы мен дұрыстығын тексереді.

Құжаттардың толық емес топтамасы және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттар ұсынылған жағдайда қызмет көрсетуші Тізбеге сәйкес өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Қызмет көрсетуші басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы хабарлама осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш берушіге жолданады.

9. Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі қызмет көрсетуші өтініш түскен күннен кейінгі 1 (бір) жұмыс күні ішінде өтініш берушінің Қазақстан Республикасының аумағында құқық бұзушылықтар жасауы туралы әшкерелейтін мәліметтердің бар-жоғын және оның террористік немесе экстремистік ұйымдарға қатыстылығы туралы өзге де ақпаратты тексеру үшін ішкі істер органдарының аумақтық бөлімшелеріне және тиісті өңірлердің ұлттық қауіпсіздік органдарына сұрау салулар жібереді.

10. Ішкі істер органдарының және ұлттық қауіпсіздік органдарының аумақтық бөлімшелері өтініш берушілердің құжаттар топтамасын алған күннен кейінгі 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде өтініш берушінің Қазақстан Республикасының аумағында құқық бұзушылықтар жасауы туралы әшкерелейтін мәліметтердің бар-жоғы және оның террористік немесе экстремистік ұйымдарға қатыстылығы туралы өзге де ақпараттың бар немесе жоқ екендігі жөнінде қызмет көрсетушіге ақпарат жолдайды.

11. Қызмет көрсетуші ішкі істер органдарының және ұлттық қауіпсіздік органдарының аумақтық бөлімшелерінен ақпарат түскен күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде өтінішті оған қоса берілген құжаттарымен бірге Комиссияның қарауына жібереді.

12. Комиссия қызмет көрсетушіден өтініш келіп түскен күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде оны қарайды және өтініш берушіге қандас мәртебесін беруден бас тарту не Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленген өңірлерге қоныстандыру үшін қандас мәртебесін беру туралы ұсыным шығарады.

Қандас мәртебесін беру не оны беруден бас тарту туралы ұсыным Комиссиямен қабылданып, хаттамамен ресімделеді. Комиссияның әрбір отырысы барысында этникалық қазақтардың өтініштерін қарау процесі бейнетаспаға жазылады.

13. Қызмет алушының қалауы бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет осы Қағидалардың 2-қосымшаларына сәйкес "Қандас мәртебесін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметімен (бұдан әрі - "бір өтініш" мемлекеттік көрсетілетін қызметі) бірге "бір өтініш" негізінде көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға тегін көрсетіледі.

"Бір өтініш" қағидаты бойынша қызмет алуға арналған электрондық сұрау портал арқылы берілген жағдайда қызмет алушы порталында қосымша түрде мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін қағаз нысанда "бір өтініш" қағидаты бойынша алу үшін Мемлекеттік корпорацияның филиалының атауын таңдайды.

"Бір өтініш" қағидаты бойынша қызмет көрсету мерзімі – 30 (отыз) жұмыс күнін құрайды.

"Бір өтініш" қағидаты бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетудің нәтижесі – осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес қандас куәлігін беру не оны көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

14. Ұсынылған құжаттар бойынша дәлелді ескертулер бойынша шешім қабылдаған кезде, қызмет көрсетушінің өкілі Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73-бабына сәйкес қызмет алушыға мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы шешімді (портал немесе электрондық пошта арқылы), сондай-ақ қызмет алушы алдын ала шешім бойынша өз ұстанымын білдіре алуы үшін тыңдаудың уақытын, орнын (және тәсілін) жібереді.

Тыңдау хабарлама жіберілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей өткізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша қызмет көрсетуші қандас мәртебесін беру туралы өтінішті қабылдау туралы шешім қабылдайды немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту туралы шешім шығарады.

Қызмет алушы дәлелді себептермен тыңдауға қатыса алмаса, тыңдау олардың келмеу себептері аяқталғанға дейін кейінге қалдырылады, бұл ретте қызмет алушы растайтын құжаттарды ұсынады.

Қызмет көрсетушінің басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тарту өтініш берушіге электрондық құжат түрінде жіберіледі.

15. Қызмет көрсетуші Комиссия ұсыным шығарған күннен кейінгі 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес қандас мәртебесін беру туралы не өтініш берушіге қандас мәртебесін беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды және қабылданған шешімді "Қандас" ААЖ арқылы өтініш берушіге Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемесіне не Мемлекеттік корпорацияға жолдайды.

Қандас мәртебесін беру туралы шешім қабылдаған кезде Қызмет көрсетуші шешім қабылданғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде:

1) өтініш берушінің және оның отбасы мүшелерінің (болған жағдайда) деректерін " Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқоры арқылы тексеріп, олардың жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ЖСН) бар-жоғын анықтайды. Егер ЖСН Жеке тұлғалардың мемлекеттік дерекқорында болмаса, ол "Қандас" АЦЖ арқылы көші-қон полициясының ЦЖ-да ЖСН жасау туралы электрондық сұрау жібереді. ЖСН бар екені анықталған кезде, жаңа ЖСН жасалмайды және қолда бар ЖСН пайдаланылады;

2) қандастарға арналған жеке ықпалдастыру және бейімдеу жоспарын бекітеді және іске асырады;

3) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қандас куәлігін "Қандас" ААЖ-да белгі қоя отырып береді.

16. Қандастарды ықпалдастыру және бейімдеу жөніндегі міндеттемелерді, сондай-ақ жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру мақсатында ерікті қоныс аудару жәрдемдесу бойынша көрсетілетін мемлекеттік қолдау шараларын орындау мақсатында Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 234 бұйрығымен бекітілген (ҚР Әділет министрлігінде 2023 жылғы 23 маусымда № 32880 тіркелген) Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдарды ерікті түрде қоныстандыру қағидаларында көзделген тәртіппен бес жыл мерзімге әлеуметтік келісімшарт жасалады.

17. Алдын ала шешімде белгіленген мерзімде өтініш беруші келмеген жағдайда, қандас мәртебесін беру туралы мақұлдау шешімі күшін жояды.

18. Қандас мәртебесінің күші мынадай жағдайларда жойылады:

- 1) қандастың Қазақстан Республикасының азаматтығын алуы;
- 2) азаматтығының болғанын растайтын тарихи деректердің анықталуы;
- 3) өтініш берушінің немесе оның отбасы мүшелерінің этникалық тиесілігін теріске шығаратын фактілердің анықталуы;
- 4) Қазақстан Республикасының өзге өңірлеріне тұрақты тұруға кету;
- 5) Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алғанға дейін бес жыл ішінде банктік шотта орналастырылған төлем қабілеттілігін растамағанда;
- 6) Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алған сәттен бастап Қазақстан Республикасының азаматтығын алғанға дейін еңбек өтілі мен ресми табысын жыл сайын растамағанда;
- 7) қоғамдық тәртіпке және адамгершілікке қол сұғатын (екі және одан да көп рет), мемлекеттік билік институтына, белгіленген басқару тәртібіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған, жол жүрісі қағидаларын үнемі бұзғанда (үш және одан да көп рет);
- 8) ауыр және аса ауыр қылмыстар жасаған, бір жыл ішінде қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін сотталған, Қазақстан Республикасының аумағында онша ауыр емес және орташа ауырлықтағы қылмыстар үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығы болған жағдайда.

Ескерту. 18-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 10.04.2026 № 131, ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 10.04.2026 № 100/НҚ және ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2026 № 263 (ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді және 31.12.2026 дейін қолданыста болады) бірлескен бұйрығымен.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша шешімдерге, әрекеттерге (әрекетсіздікке) шағымдану тәртібі

19. Көші-қон саласындағы мемлекеттік қызмет көрсетуге қатысты қызмет көрсетушінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) қатысты шағым қызмет көрсетушінің басшысына немесе мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес беріледі.

20. "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 25-бабының 2-тармағына сәйкес қызмет көрсетушіге келіп түскен өтініш берушінің шағымы тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралады. Шағым тіркелген күн оны қарау мерзіміне кірмейді.

21. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен өтініш берушінің шағымы тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

22. Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің қызмет көрсету кезіндегі әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) қатысты шағым Мемлекеттік корпорация басшысына немесе ақпараттық технологиялар саласындағы уәкілетті органға беріледі.

23. Жергілікті атқарушы органның мемлекеттік қызмет көрсетуге қатысты шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті атқарушы органның басшысына немесе мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

24. Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау жөніндегі өкілеттіктер берілген лауазымды тұлға шағымды қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымды берген өтініш берушіге мерзімнің ұзартылғаны және оның себептері көрсетіле отырып, жазбаша түрде (шағым қағаз жеткізгіште берілген жағдайда) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген жағдайда) хабарлайды.

25. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа шағымдануға Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен шағымданғаннан кейін рұқсат етіледі.

Кандас мәртебесін беру
қағидаларына 1-қосымша
нысан

(Этникалық қазақтың кеткен елінің
Мемлекеттік корпорациясының/
шетелдік мекемесінің
филиалының атауы)

(Уәкілетті өкілдің лауазымы, тегі, аты,

әкесінің аты (бар болса)
бастап _____

(өтініш берушінің тегі, аты,
әкесінің аты (бар болса)

(тұрғылықты мекенжайы)

Қандас мәртебесін беру туралы өтініш

Тегі, аты-жөні, әкесінің аты (болған жағдайда)	
Туған күні	
Жынысы	
Тұрақты мекенжайы	
Байланыс мәліметтері (бар болса)	

Менің келесідей отбасымның құрамы бар:

Тегі, аты-жөні, әкесінің аты (болған кезде)	Туыстық дәрежесі	Туған күні	Азаматтығы	Ұлты
1	2	3	4	5

Мен тарихи Отанымда тұрақты тұру үшін Қазақстан Республикасына келу жоспарыма байланысты маған және менің отбасы мүшелеріме (болған жағдайда) Қандас мәртебесін беруді сұраймын.

Қандастарды қоныстандыру үшін келесі өңірлерге көшудің мақсаты:

Ел	Қазақстан Республикасы
Республикалық маңызы бар облыс/қала/астана	
Аудан	
Жергілікті мекен	

Мен берген ақпараттың дәл екенін растаймын. Дәл емес ақпарат менің визамның күшін

жоюға және/немесе менің кандидатурамнан бас тартуға әкелетінін түсінемін.

20__ жылғы " __ " _____

(өтініш берушінің қолы)

Құжаттарды қабылдаған: _____ (тегі, аты жөні,
әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы, мамандығы,)

20__ жылғы " __ " _____

(құжат қабылдаған маманның қолы)

Қандас мәртебесін беру
қағидаларына
2-қосымша
нысан

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы: "Қандас мәртебесін беру".

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы:

1. Қандас мәртебесін жалпы тәртіп арқылы алу;

2. Қандас мәртебесін жергілікті атқарушы органдары келісімі негізінде Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері арқылы алу

1	Қызмет көрсетушінің атауы	Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленген өңірлердің жергілікті атқарушы органдары
2	Мемлекеттік қызметтерді көрсетумәдістері	1. Қандас мәртебесін беру туралы мемлекеттік қызметті көрсетуге өтініштер мыналар арқылы қабылданады және нәтижелері беріледі: – Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері (Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын этникалық қазақтар үшін); - мобильді қосымша; - Мемлекеттік корпорация; - migration.enbek.kz бірыңғай көші-қон қызметтері порталы; - www.egov.kz. электрондық үкіметтің веб-порталы
3	Мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімі	Қандас мәртебесін беру бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет 30 жұмыс күні ішінде көрсетіледі. Құжаттарды тапсырудың ең ұзақ күту уақыты қызмет көрсетушіде 30 минут және Мемлекеттік корпорацияда 15 минут. Қызмет көрсетушіде қызмет көрсетудің ең ұзақ күту уақыты 30 минут, Мемлекеттік корпорацияда 20 минут, ал "бір реттік өтініш" мемлекеттік қызметі үшін 60 минут.
4	Мемлекеттік қызметтерді көрсету түрі	Қағаз түрінде/"бір өтініш" негізінде, электронды түрде (ішінара автоматтандырылған) ұсынылады.
5	Мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижесі	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі: қандас мәртебесі берілген жағдайда осы Тәртіпке 6-қосымшаға сәйкес қандас куәлігі беріледі. Мемлекеттік корпорация құжаттардың ақпараттық жүйеде 1 (бір) жыл бойы сақталуын қамтамасыз етеді. Мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтініш берушінің сұрауы бойынша жергілікті атқарушы органнан бұрын

		<p>алынған қандас куәлігін Мемлекеттік корпорацияның ақпараттық жүйесінен жүктеу арқылы береді. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі migration.enbek.kz порталында жеке кабинетте көрсетіледі.</p>
6	<p>Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін қызмет алушыдан алынатын төлем сомасы және оны өндіріп алу тәсілдері</p>	<p>Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға тегін көрсетіледі.</p>
7	<p>Қызмет көрсетушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпараттық технологиялар нысандарының жұмыс уақыты</p>	<p>Жұмыс уақыты: 1) Қызмет көрсетуші – www.enbek.gov.kz веб-сайтының "Мемлекеттік қызметтер" бөлімінде орналастырылған. Өтініштер қабылданады және мемлекеттік қызметтердің нәтижелері сағат 9:00-ден 17:30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13:00-ден 14:30-ға дейін беріледі. Мемлекеттік қызметтер кезекпен, алдын ала жазылусыз немесе жеделдетілген қызмет көрсетусіз көрсетіледі. 2) Мемлекеттік корпорация – өтініштер қабылданады және мемлекеттік қызметтердің нәтижелері Мемлекеттік корпорация арқылы дүйсенбіден жұмаға дейін, қоса алғанда, сағат 9:00-ден 18:00-ге дейін, үзіліссіз беріледі. Мемлекеттік корпорацияның кезекші мемлекеттік қызмет көрсету бөлімдері дүйсенбіден жұмаға дейін, қоса алғанда, сағат 9:00-ден 20:00-ге дейін, ал сенбі күндері сағат 9:00-ден 13:00-ге дейін, мереке және демалыс күндерін қоспағанда, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс істейді. Мемлекеттік қызмет тұрғылықты жері бойынша электрондық кезек арқылы, жеделдетілген қызмет көрсетусіз көрсетіледі. Электрондық кезекке брондауды веб-портал арқылы жасауға болады.</p>

		<p>3) "migration.enbek.kz" порталы және мобильді қосымша тәулік бойы жұмыс істейді, жөндеу жұмыстарына байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда ;</p> <p>4) Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерінде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-тен 14.30-ға дейін жүзеге асырылады.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсетілетін орындардың мекенжайлары Мемлекеттік корпорацияның www.gov4c.kz веб-сайтында орналастырылған.</p>
8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қызмет алушыдан талап етілетін құжаттар мен ақпараттың тізбесі	<p>Өтініш беруші келесі құжаттарды ұсынады:</p> <p>1. Жалпы тәртіп бойынша мәртебе алу Мемлекеттік корпорация арқылы алу үшін:</p> <p>1) өмірбаян (кез келген нысанда);</p> <p>2) өтініш берушінің және оның отбасы мүшелерінің (бар болса) жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері, нотариалды куәландырылған қазақ немесе орыс тілдеріне аудармасымен;</p> <p>3) өтініш берушінің осы Қағидалардың 2-тармағының 18) тармақшасында көзделген шартқа сәйкестігін айқындайтын құжаттардың көшірмелері (туу туралы куәлік, шетелдік паспорт, азаматтығы жоқ адамның куәлігі, этникалық қазақтар шыққан елдің уәкілетті органдары берген, үміткерлердің ұлтын растайтын өзге де ресми құжаттар), егер " Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 11-бабының 11-1) тармақшасында көзделген Қазақстан Республикасының азаматтығын жеңілдетілген (тіркеу) тәртібімен және қандас мәртебесін алуға үміткер адамдардың қазақ ұлтына</p>

		<p>жататындығын айқындау жөніндегі Комиссияның ұсынымы болмаған жағдайда.</p> <p>4) Қазақстан Республикасында тұрақты тұру үшін көшіп келушілердің критерийлік бағалаудан өткендігі туралы хабарлама.</p> <p>Құжаттар салыстырып тексеру үшін түпнұскаларымен және көшірмелерімен ұсынылады, тексеруден кейін құжаттардың түпнұскалары (өмірбаянды қоспағанда) өтініш берушіге қайтарылады, сондай-ақ мемлекеттік дерекқорлардан алынған электрондық көшірмелер мен деректерді пайдалануға жол беріледі.</p> <p>Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді қызмет көрсетуші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.</p>
<p>Мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартудың негіздері</p>		<p>Қандас мәртебесін беру немесе оны беруден бас тарту туралы шешімді жергілікті атқарушы орган қабылдайды және осы Тәртіптің 5-қосымшасына сәйкес жергілікті атқарушы орган өтінішті тіркеген күннен бастап 30 жұмыс күні ішінде ресімдейді.</p> <p>Жергілікті атқарушы орган келесі негіздер бойынша Қандас мәртебесін беруден және/немесе кандидаттарды қабылдаудың аймақтық квотасына енгізуден бас тартады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) үміткерлер "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 20-бабының 1) тармақшасында белгіленген шарттарды орындамаған; 2) мемлекеттік қызметке үміткер ұсынған құжаттардың және/немесе олардағы деректердің (ақпараттың) дәлсіздігін анықтау; 3) Қазақстан Республикасының аумағында қандас мәртебесін алуға және/немесе кандидаттарды қабылдаудың өңірлік квотасына

	<p>Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген</p>	<p>енгізуге өтініш берген этникалық қазақтар жасаған құқық бұзушылықтар туралы айыптайтын ақпараттың немесе олардың террористік немесе экстремистік ұйымдарға қатысын көрсететін басқа ақпараттың болуы;</p> <p>4) "Жеке деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес көзделген этникалық қазақтың шектеулі жеке деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы;</p> <p>5) аумақтық-әкімшілік бірлікте кандастарды қабылдауға өңірлік квота болмауы немесе этникалық қазақтың қоныс аударуға ұсынылған аумақтық-әкімшілік бірліктен бас тартуы.</p> <p>Сондай-ақ, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-1-бабында көзделген негіздер мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіз болып табылады.</p>
<p>10</p>	<p>Мемлекеттік қызметтерді көрсету ерекшеліктерін ескеретін басқа да талаптар, оның ішінде электрондық түрде және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетіндер</p>	<p>Қызмет алушылар мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты Мемлекеттік қызмет мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға құқылы. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша анықтамалық қызметтердің байланыс нөмірлері www.gov.kz веб-сайтының "Мемлекеттік қызметтер" бөлімінде көрсетілген.</p> <p>Мемлекеттік қызмет мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығына 1414 немесе 8 800 080 7777 телефондары арқылы хабарласуға болады.</p> <p>Заңнамада белгіленген тәртіпке сәйкес өзіне күтім жасау, өз бетінше қозғалу немесе бағдарлану мүмкіндігін немесе қабілетін толық немесе ішінара жоғалтқан қызмет алушылар үшін мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған құжаттарды Мемлекеттік корпорация қызметкері тұрғылықты жеріне келіп,</p>

Бірыңғай байланыс орталығына
1414 немесе 8 800 080 7777
телефондары арқылы хабарласу
арқылы қабылдайды.

Қандас мәртебесін
беру қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Қандас мәртебесін беру туралы өтінішті қабылдау туралы

ХАБАРЛАМА № _____ ж. _____

Осы хабарлама арқылы этникалық қазақ _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

өзіне және (бар болса) оның отбасы мүшелеріне Қазақстан Республикасының
аумағына тұрақты

тұру үшін _____

(облыс, республикалық маңызы бар қалалар және астана)

қоныстануды жоспарлауына байланысты қандас мәртебесін беру туралы өтініштің

(жергілікті атқарушы органның / Қазақстан Республикасының шетелдегі
мекемесінің атауы)

кіріс хат-хабар ретінде № _____ (күні) тіркелгенін және заңнамада
белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қаралатынын хабарлаймыз.

Өтінішке мынадай құжаттарды қоса беремін:

1) _____ ;

2) _____ ;

..) _____

Құжаттар қабылданды _____

(құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы)

_____ (қолы) / _____ (күні)

(кесіп алу сызығы)

Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемесінде қалады

Құжаттарды қабылдау туралы хабарлама _____ ж. _____ № _____

(этникалық қазақтың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Туған күні _____

Тұрғылықты мекенжайы _____

Байланыс деректері _____

_____ (қолы) / _____ (күні)

Қандас мәртебесін беру

қағидаларына
4-қосымша

(Тегі, аты-жөні, әкесінің аты
(болған жағдайда)

(қызмет алушының мекенжайы)

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту № _____ қолхат
(түрін көрсету)

Қандас мәртебесін
беру туралы қағидаларына
5-қосымша

Қандас мәртебесін беру немесе беруден бас тарту туралы

20__ жылғы " __ " _____ № _____

ШЕШІМ

(жергілікті атқарушы органның атауы)

"Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қандас мәртебесін беру немесе беруден бас тарту туралы өтінішті қарап,

Тегі, аты жөні, әкесінің аты (болған жағдайда)	
Туған күні, жылы	
Жынысы	
Тұрақты мекенжайы	
ЖСН	

Қабылданған шешім _____

Қандас туралы куәлік өтініш берушінің осы шешімде көрсетілген қоныс аудару өңіріне келген күнінен бастап үш күн ішінде беріледі.

Қандас мәртебесінің жарамдылығы өтініш берушінің осы шешімде көрсетілген қоныс аудару өңіріне келген және Қандас туралы куәлікті алған күнінен басталады.

Басшы _____
(қолы/ мөрі)

Қандас мәртебесін
беру туралы қағидаларына
6-қосымша

ҚАҢДАС КУӘЛІГІ / УДОСТОВЕРЕНИЕ КАНДАСА

№ _____

(Жергілікті атқарушы органның атауы/наименование местного исполнительного органа)

_____	Жынысы/Пол _____
(Тегі/Фамилия, Аты/Имя, Әкесінің аты (бар болса)/ Отчество (при его наличии))	Туған жері (елі)/Место рождения
Туған күні, айы, жылы/Дата рождения месяц год "__" ____ 20__ ж./г.	Азаматтығы/ Гражданство _____

Қандас куәлігінің қолданылу мерзімі

Срок действия статуса кандаса вступает в силу с "__" ____ 20__ ж./г. бастап по
"__" ____ 20__ ж./г. дейін

ЖСН/ИИН

Қандастың кәмелет жасқа толмаған отбасы мүшелері

Несовершеннолетние члены семьи кандаса

№ р/с п/п	Тегі/Фамилия, Аты/Имя, Әкесінің аты (бар болса)/ Отчество (при его наличии)	Туған күні, айы, жылы/ Дата рождения, месяц , год	Жынысы/ Пол	Туыстық қатынасы/ Родственное отношение	ЖСН/ ИИН
1.					
2.					
3.					
....					

Ескертпе/Примечание:

Қандас куәлігінің мерзімі қандас қандас мәртебесін алған күннен бастап бес жыл өткеннен кейін тоқтатылады.

Срок действия удостоверение кандаса прекращается по истечению пяти лет с момента получения статуса кандаса.

Жергілікті атқарушы орган басшысының (міндетін атқарушы адамның) электронды-цифрлық қол таңбасы /Электронно-цифровая подпись руководителя местного исполнительного органа (лица исполняющего обязанность) _____	Қандас мәртебесі берілген күн Дата присвоения статуса кандаса 20__ жылғы "__" ____ "__" ____ 20__ года
---	---

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Жасанды интеллект және
инновациялық даму министрінің
2026 жылғы 30 қаңтардағы № 47,

Қазақстан Республикасында шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға тұрақты тұруға рұқсат беру жөніндегі мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

1-тарау. Жалпы қағидалар

1. Осы Қазақстан Республикасында шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға тұрақты тұруға рұқсат беру қағидалары "Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) көрсету тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидалар мынадай терминдер пайдаланылады:

1) көрсетілген қызметті алушы – Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға үміткер көшіп келушілер қатарынан жеке тұлға және оның отбасы мүшелері (болған жағдайда);

2) көшіп келудің әлеуетті өлшемшарттық бағалау жүйесі – балдық модельге негізделген, әлеуметтік-демографиялық, білім беру, тілдік, кәсіптік және өзге де бейімделу көрсеткіштерінің жиынтығы бойынша көшіп келуге өтініш берушілерді сандық бағалауға және саралауға арналған құрылымдалған құрал;

3) Қазақстан Республикасында тұрақты тұру үшін көшіп келушілердің әлеуетті өлшемшарттық бағалаудан өткені туралы хабарлама – көшіп келушілердің әлеуетті өлшемшарттық бағалау жүйесінен өту нәтижелері негізінде қабылданатын "Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру" және "Қандас мәртебесін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін одан әрі алуға жолберу не жолбермеуден бас тарту туралы халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органның құжаты;

4) халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган – халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту саласындағы бағыттарды айқындайтын облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органы.;

5) көші-қон қызметінің бөлімі (бөлімшесі, тобы) қызметкері (бұдан әрі – КҚК қызметкері) – Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алу туралы

өтініштерді өңдеу мен қарауды жүзеге асыратын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың полиция департаменттерінің көші-қон қызметі бөлімшелерінің лауазымды тұлғасы;

6) Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат (бұдан әрі – ТТР) – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптар сақталған жағдайда шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға ішкі істер органдары беретін және оларға Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұру құқығын беретін құжат;

7) Қазақстан Республикасындағы шетелдіктің тұруға ықтиярхаты (бұдан әрі – ықтиярхат) – Қазақстан Республикасының аумағында шетелдіктің жеке басын куәландыратын және оның Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алғанын растайтын құжат;

8) "migration.enbek.kz" көші-қон процесі порталы (бұдан әрі - портал) – мигранттарды тіркеу мен қозғалысын қамтамасыз ететін, сондай-ақ көші-қон қызметтерін көрсетуді бақылайтын Электрондық еңбек биржасының (enbek.kz) цифрлық экожүйесінің ішкі жүйесі.

2-тарау. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру" және "Қандас мәртебесін беру" мемлекеттік қызметтерін көрсету тәртібі

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің көші-қон қызметінің аумақтық органы тарапынан "ХҚКО" ИАЖ МО АЖО және КҚЖ АЖ арқылы, Қазақстан Республикасында заңды негіздерде қоныстандыру өңірлерінде кемінде бір жыл тұрған жағдайда және халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган беретін " Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті одан әрі алуға рұқсат туралы көшіп келушілерді өлшемшарттық бағалаудан өткені туралы хабарламаны шетелдік алған кезде көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметті қабылдау және оның нәтижесін беру көшіп келудің тұрғылықты жері бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен (Ақмола облысы (Қосшы қаласын, Аршалы және Целиноград аудандарын қоспағанда), Шығыс Қазақстан облысы, Қостанай облысы, Павлодар облысы, Солтүстік Қазақстан облысы, Абай облысы және Ұлытау облысы) Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келетін көшіп келушілерді қоныстандыруға арналған өңірлерде "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының филиалдары арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі қажетті құжаттар тапсырылған сәттен бастап 45 (қырық бес) күнтізбелік күнді құрайды.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 10.04.2026 № 131, ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды

интеллект және цифрлық даму министрінің 10.04.2026 № 100/НҚ және ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2026 № 263 (ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді және 31.12.2026 дейін қолданыста болады) бірлескен бұйрығымен.

4. Қазақстан Республикасында уақытша тұратын келесі шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар (бұдан әрі - қызмет алушы) мемлекеттік қызметке өтініш бере алады:

- тұрақты тұруға арналған визамен (В8);
- уәкілетті инвестициялық органның өтініші бойынша берілген көп мәртелік инвесторлық визамен (А5, А6);
- көші-қон мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бекіткен Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алу үшін шетелдіктерге қажетті мамандықтар тізбесіне сәйкес берілген виза (В9, В9-1);
- халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бекітетін, шетелдіктердің Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алуына арналған сұранысқа ие кәсіптер тізбесіне сәйкес берілген виза (В9, В9-1);
- Қазақстан Республикасымен визасыз кіру және болу тәртібі туралы келісімдер жасасқан мемлекеттерден келгендер (шетелдіктердің осы санаты үшін В8 санатындағы виза құжаттарды тапсырғаннан кейін ресімделеді);
- оларға берілген виза санатына қарамастан этникалық қазақтар;
- Қазақстан Республикасында босқын мәртебесі барлар.

5. Қызмет алушы "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – ААҮ МК) филиалдарына келесі құжаттар тізімімен жүгінуі тиіс:

1) халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган немесе Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері берген "Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті одан әрі алуға рұқсат туралы көшіп келушілердің өлшемшарттық бағалаудан өткені туралы хабарлама (кәмелетке толмағандарды, әрекетке қабілетсіз адамдарды, инвестициялар жөніндегі уәкілетті органның өтініші бойынша инвесторларды, тізбесі халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бекітетін сұранысқа ие кәсіптерге ие шетелдіктерді қоспағанда) және өзге де шетел азаматтары, экономикалық дамуға елеулі үлес қосатын, басым экономикалық және әлеуметтік жобаларды іске асыруға қатысатын немесе уәкілетті мемлекеттік органдардың өтініштері бойынша бірегей құзыреттері мен жетістіктеріне ие тұлғалар;

2) шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында уақытша және тұрақты тұруға рұқсат беру қағидаларына (нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12880 болып тіркелген) (бұдан әрі – Қағидалар) 4-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру туралы өтініш-сауалнама;

3) қолданылу мерзімі өтініш берілген күнінен кейін 180 күнтізбелік күннен асатын өтініш берушінің шетелдік паспортының, азаматтығы жоқ адамның құжатының көшірмесі және түпнұсқасы (салыстыру үшін);

Визалық режимдегі елдер үшін паспортта визаның болуы:

- В8 санатындағы тұрақты тұруға арналған виза;
- инвестициялар жөніндегі уәкілетті органның өтініші бойынша берілген А5, А6 санаттарындағы көп мәртебелік инвесторлық виза (инвесторлар үшін).
- халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бекітетін, шетелдіктердің Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алуы сұранысқа ие кәсіптердің тізбесіне сәйкес берілген В9, В9-1 санаттарындағы виза ("Шетелдіктердің Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алуына арналған сұранысқа ие кәсіптер тізбесін және оны қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 20 ақпандағы № 49 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31938 болып тіркелген) бекітілген тізбеге енгізілген кәсіптер иелері үшін;
- берілген визаның санатына қарамастан этникалық қазақтар.
- Қазақстан Республикасымен визасыз кіру және болу тәртібі туралы келісімдер жасасқан мемлекеттерден келген адамдар үшін В8 санатындағы виза құжаттар тапсырылғаннан кейін ресімделеді.

4) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 531 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33001 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсаттар алуға үміткер шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасында болу кезеңінде төлем жасау қабілеттігін растау қағидаларына сәйкес өзінің төлем қабілеттілігін (өтінішті қарау кезеңінде банк шотында кемінде 1320 АЕК қаражаты болған жағдайда 5 жыл ішінде одан әрі жыл сайын растай отырып), немесе төлем қабілеттілігін растаудан босату негіздерінің бар екенін растайтын құжат.

Көшіп келуші Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алған кезде өзінің төлем қабілеттілігін растау туралы құжатты көші қон қызметіне тұрақты тұруға рұқсат алған күннен бастап жыл сайын ұсынады;

5) тиісті елдің құзыретті органы берген (Қазақстан Республикасында босқын мәртебесі бар адамдарды қоспағанда, халықаралық шарттарда басқаша көзделмесе) азаматтығы және/немесе тұрақты тұрғылықты жері бойынша соттылығының жоқтығын (немесе соттылығының жоқтығын) растайтын құжат (жеке деректер өзгерген жағдайда (толық аты-жөні, туған күні);

6) 14 жастан 18 жасқа дейінгі баланың Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға нотариалды куәландырылған келісімі;

7) жеке немесе заңды тұлғамен нотариалды куәландырылған келісім (қызмет алушылар үшін Қазақстан Республикасында болған кезде олардың төлем қабілеттілігін растайтын) немесе жеке немесе заңды тұлғаның өтініш берушінің тұруы және тұрақты тіркелуі үшін тұрғын үймен қамтамасыз ету туралы нотариалды куәландырылған өтініші (төлем қабілеттілігін растаудан босатылған қызмет алушылар үшін). Бұл құжаттың жарамдылық мерзімі берілген күннен бастап 180 күнтізбелік күнді құрайды. Өтініш берушінің тұрғын үйі болса, мүлікке меншік құқығы туралы анықтама;

8) "Шетелдіктерде және азаматтығы жоқ адамдарда болуы олардың Қазақстан Республикасына келуіне тыйым салатын аурулардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № 664 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7274 болып тіркелген), сәйкес шетелдікке жүргізілген медициналық куәландыру туралы, Қазақстан Республикасына шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың кіруіне тыйым салынатын аурулардың жоқ екенін растайтын анықтаманың өзінде көрсетілген қолданылу мерзіміне, бірақ 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге анықтама (028/у нысанындағы медициналық анықтама);

9) өлшемі 35x45 мм бір фотосурет;

10) мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжат (4 АЕК);

11) салалық мемлекеттік органның Қазақстан Республикасының Ұлттық сыныптаушының (бұдан әрі - ҰСТ) сабақ тобын көрсете отырып және ҰСТ (кәсіп, дағдылардың деңгейі мен мамандануы, диплом, мамандандыру бойынша жұмыс өтілі, біліктілік деңгейі) талаптарына сәйкес келетін өтінішхаты – "Шетелдіктердің Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алуы үшін талап етілетін кәсіптердің тізбесін және оның қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 20 ақпандағы № 49 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат берудің оңайлатылған тәртібі белгіленетін, талап етілетін кәсіптер тізбесінің талаптарына жауап беретін адамдар ұсынады (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31938 болып тіркелген), уәкілетті мемлекеттік органның дәлелді өтінішхаты – өзге де шетел азаматтары, экономикалық дамуға елеулі үлес қосатын, басым экономикалық және әлеуметтік жобаларды іске асыруға қатысатын немесе бірегей құзыреттері мен жетістіктеріне ие тұлғаларға қызмет алушылар.;

уәкілетті мемлекеттік органдардың өтінішхаттары негізінде мемлекет үшін мүддесін білдіретін және Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алуға үміткер көрсетілетін қызметті алушылар үшін;

12) "Дактилоскопиялық және геномдық тіркеуді жүргізу қағидаларынан бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2024 жылғы 30 қыркүйектегі

№ 730 бұйрығымен бекітілген саусақ ізін алу және геномдық тіркеу ережелеріне сәйкес берілген шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның саусақ ізін алу туралы куәлігі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35161 тіркелген);

13) оның азаматтығы бар мемлекеттің жазбаша келісімі немесе кету парағы не шетелге тұрақты тұруға кетуге қарсылықтың (шектеудің) болмауы туралы басқа құжат (халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасында босқын мәртебесі бар адамдарды қоспағанда), егер азаматтығы бар елдің заңнамасымен көзделген осындай анықтаманы алуға мүмкін болғанда.

Егер оларды алу мүмкіндігі азаматтығы бар елдің заңнамасында көзделмесе, мұндай құжаттарды ұсыну талап етілмейді, бұл туралы уәкілетті органның атына шет мемлекет тарапынан растау бар;

14) осы қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес дербес деректерді өңдеуге және дербес деректерді шетелдік мемлекеттердің аумағында трансшекаралық беруге келісім-өтініш.

4) және 5) тармақшаларда көрсетілген құжаттардың қолданылу мерзімі 180 күнтізбелік күннен асатын жағдайда оларды қабылдауға жол берілмейді.

Қазақстан Республикасындағы басқа мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелері арқылы басқа мемлекеттің азаматтығын алған және Қазақстан Республикасында тұрақты тіркеуі бар немесе Қазақстан Республикасының азаматтығының тоқтатылуына байланысты тіркеуден айырылған және Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге шықпаған қызмет алушы 1), 2), 3), 5), 7), 9), 10) және 12) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынуы тиіс.

қызмет алушы – ата-анасымен бірге не ата-анасының бірімен бірге келген, он сегіз жасқа толмаған бала, не оның заңды өкілі (ата-анасы, қорғаншысы, қамқоршысы) Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын немесе Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдік не азаматтығы жоқ адам болып табылатын тұлға, мынадай құжаттарды ұсынады:

2), 3), 6), 7), 9), 10) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды, сондай-ақ: кәмелетке толмаған баланың туу туралы куәлігінің немесе басқа жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі және түпнұсқасы (растау үшін);

егер олар Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрса, екінші ата-ананың (екі ата-ананың да) нотариалды куәландырылған келісімі туралы өтініш.

Балаларға тұрақты тұруға рұқсат алу үшін құжаттарды олардың заңды өкілдері оларды білдіруге өкілеттігін растайтын құжаттармен бірге ұсынады.

Егер балалар Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға ата-анасымен (ата-аналарымен) бірге келген жағдайда, құжаттарды жеке қабылдауға жол берілмейді және олар бір уақытта қабылданады.

Шет тілінде жасалған құжаттар қазақ немесе орыс тілдеріне аударылуы тиіс. Бір тілден екінші тілге аударманың дәлдігін "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 80-бабына сәйкес нотариус куәландырады.

Шетелдік мемлекеттердің уәкілетті органдарының қатысуымен жасалған немесе сол органдардан шыққан құжаттар мен актілер егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта өзгеше көзделмесе "Қазақстан Республикасының Консулдық жарғысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 25 сәуірдегі № 240 Жарлығының 60-тармағына сәйкес апостиль қойылған немесе заңдастырылған жағдайда қарауға қабылданады.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 10.04.2026 № 131, ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 10.04.2026 № 100/НҚ және ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2026 № 263 (ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді және 31.12.2026 дейін қолданыста болады) бірлескен бұйрығымен.

5-1. Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беруден бас тартылады не бұрын берілген рұқсат мынадай шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға қатысты күші жойылады:

1) заңсыз келген, сондай-ақ қылмыс жасағаны үшін өздері шыққан елдердің заңнамасы бойынша қудалауға ұшыраған;

2) сотталғанға дейін тұрақты тұрғылықты жері Қазақстан Республикасынан тыс болған, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған;

3) адамзатқа қарсы қылмыс жасаған;

4) кәмелетке толмаған адамның жыныстық тиіспеушілігіне қарсы ауыр және аса ауыр қылмыс жасағандар;

5) Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасында немесе Қазақстан Республикасында туылған немесе бұрын оның азаматы болған бұрынғы отандастарды, инвесторларды, кәмелетке толмағандарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының негізінде Қазақстан Республикасының азаматтығын жеңілдетілген тәртіппен алуға құқығы бар адамдарды және олардың отбасы мүшелерін, тізбесін халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бекіткен сұранысқа ие кәсіптері бар шетелдіктерді және уәкілетті мемлекеттік органның өтініші бойынша мемлекеттің мүддесін білдіретін өзге де адамдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі айқындайтын тәртіппен және мөлшерде өзінің төлем қабілеттілігін растауды бермеген;

6) Қазақстан Республикасының шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы заңнамасын бірнеше рет бұзған;

7) ұлтаралық, конфессияаралық және діни араздықты қоздыртқан;

8) іс-әрекеттері конституциялық құрылысты күштеп өзгертуге бағытталған;

9) Қазақстан Республикасының егемендігі мен тәуелсіздігіне қарсы шыққан, оның аумағының бірлігі мен тұтастығын бұзуға шақырған;

- 10) Қазақстан Республикасының аумағында онша ауыр емес және орташа ауырлықтағы қылмыстары үшін алынбаған немесе жойылмаған сотталғандығы бар;
- 11) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарында олардың экстремистік немесе террористік әрекетке қатыстылығы немесе Қазақстан Республикасында экстремистік немесе террористік деп танылған ұйымға қатыстылығы туралы мәліметтер болған кезде;
- 12) Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алу туралы қолдаухатпен өтініш жасаған кезде жалған құжаттарды ұсынған не өзі туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлаған немесе қажетті құжаттарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде дәлелді себепсіз ұсынбаған;
- 13) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дактилоскопиялық тіркеуден өтпеген;
- 14) Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға арналған рұқсатты берген кезге дейін бес жылдың ішінде Қазақстан Республикасынан шығарып жіберілген;
- 15) егер бұл Қазақстан Республикасы азаматтарының және басқа да адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қажет болса;
- 16) "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 38-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, тұрақты тұруға арналған рұқсатты алған және Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұруға арналған рұқсаттың берілу күнінен бастап ретімен келетін кез келген он екі айлық кезең шегінде күнтізбелік бір жүз сексен үш күннен аз уақыт тұрып жатқан;
- 17) тұрақты тұруға арналған рұқсатты халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бекіткен сұранысқа ие кәсіптер тізбесінің негізінде алған және тұрақты тұруға арналған рұқсаттың берілу күнінен бастап ретімен келетін кез келген он екі айлық кезең шегінде күнтізбелік бір жүз сексен үш күн ішінде көрсетілген тізбеде көзделген кәсіп бойынша жұмыс істемеген;
- 18) Қазақстан Республикасының азаматтарымен некелескен, осы некесі тұруға ықтиярхат алу үшін негіз болған, егер бұл неке заңды күшіне енген сот шешімімен жарамсыз деп танылса;
- 19) Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны, салық және еңбек заңнамасы саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін бір жыл ішінде әкімшілік жауаптылыққа тартылған;
- 20) ұлттық қауіпсіздік мүдделеріне қатер төндіретін;
- 21) Қазақстан Республикасына келуге қарсы айғақ болып табылатын аурулары бар;
- 22) егер бұрын "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" 1991 жылғы 20 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабы бірінші бөлігінің 8) тармақшасында көзделген негіздер бойынша Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтса;

23) бұрын "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" 1991 жылғы 20 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 20-1-бабында көзделген негіздер бойынша Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылған;

24) Қазақстан Республикасының аумағында бір жыл ішінде қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін сотталған;

25) қоғамдық тәртіп пен имандылыққа қол сұғатын (екі және одан да көп рет), мемлекеттік билік институтына, басқарудың белгіленген тәртібіне қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған, жол жүрісі қағидаларын жүйелі түрде бұзған (үш және одан да көп рет);

26) Қазақстан Республикасында заңды негізде қоныстандыру өңірлерінде бір жылдан аз уақыт тұрып жатқан;

27) Қазақстан Республикасында жарамсыз көшіп келушілердің тұруға ықтиярхаты бойынша бір жүз сексен үш күнтізбелік күннен астам уақыт тұрып жатқан;

28) Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алу туралы өтінішхат берген кезде көрсетілген мекенжай бойынша тұрмайтын;

29) Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алу үшін құжаттарды ресімдеуге жіберу мақсатында иммиграциялық әлеуетті өлшемшарттық бағалау жүйесінен өтпеген;

30) өтінішхат берген күнге дейінгі он екі ай ішінде Қазақстан Республикасының аумағында үздіксіз еңбек немесе кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырмаған не отбасының әрбір мүшесіне шаққанда табысының бар екенін растамаған адамдарға, бұл ретте Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алуға үміткер отбасының әрбір мүшесіне (жұбайын (зайыбын), күндізгі оқу нысаны бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқитын кәмелетке толмаған балаларды, сондай-ақ асырауындағы өзге де жақын туыстарды қоса алғанда) шаққандағы табыс мөлшері тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген бір ең төменгі жалақыдан кем болмауға тиіс;

31) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерде тұрақты түрде бес жылдан кем тұрған жағдайда, Қазақстан Республикасының өзге өңірлеріне тұрақты тұруға кету кезінде.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер:

1) мемлекеттік қызметті алу үшін қызмет алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін белгілеу;

2) қызмет алушының және (немесе) ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті талаптарға сәйкес келмеуі;

3) мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін келісу туралы сұрау салуға уәкілетті мемлекеттік органның теріс жауабы, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің немесе тексерудің теріс қорытындысы.

Осы Қағидалардың 3-тармағының талаптары, 5-тармақтың 1), 4), 13) тармақшалары және 5-1-тармақтың 26), 29), 30) тармақшалары кәмелетке толмағандарға, инвесторларға, тізбесін халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бекітетін сұранысқа ие мамандықтарға ие шетелдіктерге және өзге де шетел азаматтары, экономикалық дамуға елеулі үлес қосатын, басым экономикалық және әлеуметтік жобаларды іске асыруға қатысатын немесе уәкілетті мемлекеттік органдардың өтініштері бойынша бірегей құзыреттері мен жетістіктеріне ие тұлғалар.

Жеке басын куәландыратын құжаттарының болмауына байланысты не 1974 жылғы үлгідегі КСРО паспорты негізінде азаматтығы жоқ адамдар деп танылған адамдарға қатысты осы Қағидалардың 16) және 19) тармақшалардың қолданылуы таратылмайды.

Әрекетке қабілетсіз адамдарға қатысты осы Қағидалардың 3-тармағының, 5-тармақтың 1) тармақшасының, 5-1-тармақтың 21), 26), 29), 30) тармақшаларының ережелері қолданылмайды.

3-тармақтың осы Қағидалардың екінші абзацының ережелері бұрынғы отандастарға, ерлі-зайыптыларды кемінде бір жыл заңды некеде тұрған, олардың біреуі Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын, Қазақстан Республикасының заңнамасымен танылатын некеде тұрған жұбайлардың қосылуы мақсатында келген адамдарға, сондай-ақ Байқоңыр қаласында тұратын шетелдіктерге осы елді мекенде ықтиярхат алу үшін жүгінген кезде қолданылмайды.

Осы Қағидалардың 3-тармағының, 5-тармағы 1) тармақшасының және 5-1-тармағының 26), 29), 30) тармақшаларының талаптары жасы алпыс жастан асқан, бұрынғы отандастар болып табылатын не отбасының қосылуы мақсатында келген адамдарға қолданылмайды.

Отбасының қосылуы мақсатында келген адамдар отбасылық қатынастарды растайтын құжаттарды (туу туралы куәлік, неке туралы куәлік) ұсынады.

Ескерту. 5-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 10.04.2026 № 131, ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 10.04.2026 № 100/НҚ және ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2026 № 263 (ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді және 31.12.2026 дейін қолданыста болады) бірлескен бұйрығымен.

6. Мемлекеттік корпорациясының қызметкері құжаттардың тиісті тізілімді жасай отырып, түпнұсқаларын көші-қон қызметі бөлімдеріне бір (1) жұмыс күні ішінде Мемлекеттік корпорациясының курьері арқылы жібереді.

Тізбе толық болмаған құжаттар белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда Мемлекеттік корпорацияның қызметкері себебін көрсете отырып, дәлелді бас тартуды рәсімдейді.

Ескертпе: Жоғарыда көрсетілген құжаттарды қабылдау рәсімі "Көші-қон полициясының" ақпараттық жүйесі (бұдан әрі - Көші-қон полициясының ақпараттық жүйесі) мен Мемлекеттік қызмет көрсету орталықтарының интеграцияланған

ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ХҚО ИАЖ) арасындағы интеграция аяқталғанға дейін жүзеге асырылады.

Интеграциялау жұмысы аяқталғаннан кейін, Мемлекеттік корпорация қызметкері қызмет алушының жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) бар-жоғын анықтау үшін ХҚО-ға және Жеке тұлғалардың мемлекеттік дерекқорына (бұдан әрі - МДҚ) сұраныс жібереді.

ЖСН бар болған жағдайда, қызмет алушының өтініш нысаны толтырылады, оған Қазақстан Республикасы үшін жарамды ұялы телефон нөмірі кіреді және мемлекеттік қызметті көрсету үшін барлық қажетті құжаттардың электрондық көшірмелері қоса берілген ХҚО ИАЖ өтінімі жасалады.

Қызмет алушы ХҚО ИАЖ-да толтырылған өтініш нысанына смс-код арқылы қол қояды.

Толтырылған сұраныс қызмет көрсетушінің қарауы үшін ХҚО ИАЖ-нан электрондық үкімет шлюзі арқылы Көші-қон полициясының ақпараттық жүйесіне жіберіледі.

7. КҚҚ қызметкері құжаттар келіп түскеннен кейін:

1) 2 (екі) күнтізбелік күн ішінде:

өтініштерді қарайды, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің дерекқорлары бойынша соттылығының және іздеуде болуының бар-жоғы, қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін орындалмаған міндеттемелерінің болуы туралы мәліметтерді; ішкі істер органдарының деректері бойынша шетелдіктің дактилоскопиялық тіркеуден өтуі туралы мәліметтерді; әділет органдарының деректері бойынша некенің болуы, туу фактілері және туыстық байланыстарды растау туралы мәліметтерді тексереді; сондай-ақ "Бүркіт" БӘАЖ деректері бойынша шетелдік немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өтуі туралы ақпаратты тексереді және шетелдік немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасында болу заңдылығын, сондай-ақ тұрақты тұруға рұқсат алу үшін виза санатының сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады;

өтініш беруші ұсынған құжаттарды алған және қараған кезде оларды QR-кодты сканерлеу функциясын және электрондық дерекқорлар мен ресми онлайн қызметтерді қоса алғанда, басқа да техникалық мүмкіндіктерді пайдаланып тексереді, ұсынылған ақпарат пен құжаттардың шынайылығы мен сенімділігін қамтамасыз етеді;

тұрақты сақтау мерзімінен қабылданған жеке есеп ісіне материалдарды қалыптастырады, олар осы Қағидаланың Ережелердің 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша пайдаланып тіркеледі. Журналдың сериялық нөмірі файлдың сериялық нөмірі ретінде де қызмет етеді;

2) 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде:

қызмет көрсетуші күнін, уақытын белгілейді және өтініш берушінің заңнамада белгіленген талаптарға сәйкестігін анықтау және өтініш нысанында көрсетілген

ақпаратты нақтылау үшін Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алуға өтініш берушілермен жеке әңгімелесу жүргізеді;

қорытындысы бойынша осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес әңгімелесу парағы жасалады, оған қызмет көрсетуші мен қызмет алушы қол қояды және МП АЖ-ға қоса беріледі;

Ескертпе: МП АЖ мен ХҚК ИАЖ арасындағы интеграцияны іске асырған кезде, қызмет көрсетуші өтініш қаралғаннан және жоғарыда көрсетілген тексерулердің нәтижелері алынғаннан кейін қызмет алушыға сұхбат күні мен уақытын SMS арқылы жібереді.

Әңгімелесудің қорытындысы бойынша МП АЖ арқылы сұхбаттасу парағы жасалады, оған қызмет көрсетуші мен қызмет алушы қол қояды және МП АЖ-ға тіркеледі.

3) Әңгімелесуден кейін 1 (бір) күнтізбелік күн ішінде мыналарды ұсынады:

келісу үшін материалдарды Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарының бекітуіне "Бүркіт" бірыңғай ақпараттық жүйесінде (БАҚ) ұсынады. Материалдарды келісу Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарының бекітуі 25 (жиырма бес) күнтізбелік күн ішінде аяқталады;

төлем қабілеттілігін растайтын құжаттардың түпнұсқалығы туралы банк мекемесіне сұрау салу;

шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның тұрғылықты жері бойынша учаскелік полиция инспекторының тексеруі үшін қоғамдық қауіпсіздік бөлімшелеріне ақпарат беру.

Учаскелік полиция инспекторлары шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның тұрғылықты жері бойынша тексеру нәтижелері туралы есепті 10 күнтізбелік күн ішінде ұсынады.

4) мүдделі мемлекеттік органдардан жауаптар алынғаннан кейін 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде тексеру нәтижелері бойынша КҚК қызметкері Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру не рұқсат беруден бас тарту туралы қорытынды шығарады және қабылданған шешім туралы ақпаратты КҚЖ АЖ-ға енгізеді;

есептік істі облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Полиция департаменттерінің көші-қон қызметі басқармасына (бұдан әрі – ПД КҚБ) келісуге жібереді. ПД КҚБ 6 (алты) күнтізбелік күн ішінде қаралған қорытындыларды келіседі және бекітеді.

Қорытынды шығару алдында төлем қабілеттілігін растау мақсатында банк мекемесіне қайтадан сұрау салу жолданады және қарау кезеңінде жол берілген бұзушылықтар туралы мәліметтердің бар-жоғына ішкі істер органдарының есептері, құқық қорғау және арнаулы органдардың ақпараттық өзара іс-қимыл жүйесі, сондай-ақ Әкімшілік құқық бұзушылықтардың бірыңғай тізілімі бойынша тексеру жүргізіледі.

Өтініш берушіден Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру мәселесі бойынша бұрын берілген өтінішті кері қайтарып алу туралы өтінішхат (арыз) түскен жағдайда, сондай-ақ өтініш беруші қайтыс болған кезде қарауды тоқтату туралы қорытынды еркін нысанда жасалады.

8. Қызмет көрсетуші мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір күннен кешіктірмей мемлекеттік қызмет нәтижесін Мемлекеттік корпорацияға жеткізуді қамтамасыз етеді.

9. Бас тартылған жағдайда, Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алу үшін қайта өтініш беру Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беруден бас тарту туралы дәлелді шешім шығарылғаннан кейін 1 (бір) жылдан кешіктірілмей жүзеге асырылады.

10. Тұрақты тұруға рұқсат алған кезде қызмет алушы тіркеу есебіне қою және тұруға ықтиярхатты ресімдеу үшін Халыққа қызмет көрсету орталығына жүгінеді.

Тіркеу бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 267 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20192 нөмірімен тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу мәселелері бойынша мемлекеттік қызметтер көрсету Қағидаларын белгіленген тәртіппен көрсетіледі.

11. Қызмет алушы уақытша тұруға рұқсат алу үшін тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік корпорацияға қызмет көрсету үшін қажетті келесі құжаттардың тізбесімен жүгінеді:

- 1) қолданыстағы шетелдік паспорт;
- 2) Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат берілгені туралы хабарлама;
- 3) Уақытша тұруға рұқсат бергені үшін мемлекеттік бажды төлегені туралы түбіртек.

12. Уақытша тұруға ықтиярхат беру жөніндегі мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 266 бұйрығымен бекітілген Азаматтығы жоқ адамдарға куәліктер және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктердің тұруын ықтиярхат беру" мемлекеттік қызметті көрсету Қағидаларына сәйкес көрсетіледі. (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20195 болып тіркелген).

"Қазақстан Республикасында
тұрақты тұру үшін
" мемлекеттік қызмет
көрсету қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Шет мемлекеттің құзыретті органдарына

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (бұдан әрі - Т.А.Ә.))

(тұратын жері, байланыс телефондары, электр. мекенжайы)

Шет мемлекеттердің аумағында дербес деректерді өңдеуге және дербес деректерді трансшекаралық беруге келісім-өтініш

Мен, _____

(Т.А.Ә./туған күні және жері)

Мына мекенжайда тұратын: _____

Жеке басын куәландыратын құжат _____

(паспорттың нөмірі, берілген күні, берген орган, азаматтығы)

ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының пайдалануына келісемін.

Шет мемлекеттің аумағынан құжатты талап ету жөніндегі қызметті қамтамасыз ету мақсатында "Дербес деректер және оларды қорғау туралы"

2013 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес азаматтықтың, соттылықтың болуын (болмауын) растайтын құжат алу,

қылмыстық, әкімшілік және басқа да жауаптылыққа тарту мақсатында Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына өзінің дербес

деректерін жинауға, өңдеуге және трансшекаралық беруге келісім беремін.

Осы келісім оған қол қойылған күннен бастап жазбаша нысанда қайтарып алынған күнге дейін қолданылады және

Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының шет мемлекеттің аумағынан құжатты талап ету жөніндегі 20 ____ жылғы " ____ " __ сұрау салуының ажырамас бөлігі болып табылады.

Қолы _____

күні _____

жоқ адамдарға Қазақстан
Республикасында
тұрақты тұруға рұқсат беру
жөніндегі мемлекеттік қызметті
көрсету қағидаларына
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 10.04.2026 № 131, ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 10.04.2026 № 100/НҚ және ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2026 № 263 (ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді және 31.12.2026 дейін қолданыста болады) бірлескен бұйрығымен.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ МИНИСТЕРСТВО ВНУТРЕННИХ ДЕЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН	
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ШЕТЕЛДІКТЕР МЕН АЗАМАТТЫҒЫ ЖОҚ АДАМДАРҒА ТҰРАҚТЫ ТҰРУҒА РҰҚСАТ БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ СҰХБАТ ПАРАҒЫ ЛИСТ СОБЕСЕДОВАНИЯ ДЛЯ ИНОСТРАНЦЕВ И ЛИЦ БЕЗ ГРАЖДАНСТВА НА ПОЛУЧЕНИЕ РАЗРЕШЕНИЯ НА ПОСТОЯННОЕ ПРОЖИВАНИЕ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН	
Тегі, аты, әкесінің аты Фамилия, имя, отчество	
Туған жылы Дата рождения	
Сұхбаттың қорытындысы: Итог собеседования:	
Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсаттан бас тартылатыны не бұрын берілген рұқсаттың күші жойылатыны туралы маған ескертілді. Подлинность представленных документов и достоверность изложенных сведений подтверждаю.	
КҚҚБ инспекторы, лауазымы, арнайы атағы Инспектор ОМС, должность, специальное звание	
Берілген күні Дата выдачи	
ИНСПЕКТОР ҚОЛЫ ПОДПИСЬ ИНСПЕКТОРА	
ШЕТЕЛДІК АЗАМАТТЫҒЫ ҚОЛЫ ПОДПИСЬ ИНОСТРАНЦА	
Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беруден бас тарту негіздері	
Мынандай: 1) заңсыз келген, сондай-ақ қылмыс жасағаны үшін өздері шыққан елдердің заңнамасы бойынша қудалауға ұшыраған; 2) сотталғанға дейін тұрақты тұрғылықты жері Қазақстан Республикасынан тыс болған, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған; 3) адамзатқа қарсы қылмыс жасаған; 4) кәмелетке толмаған адамның жыныстық тиіспеушілігіне қарсы ауыр және аса ауыр қылмыс жасағандар ; 5) Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасында немесе Қазақстан Республикасында туылған немесе бұрын оның азаматы болған бұрынғы отандастарды, инвесторларды, кәмелетке толмағандарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының негізінде Қазақстан Республикасының азаматтығын жеңілдетілген тәртіппен алуға құқығы бар адамдарды және олардың отбасы мүшелерін, тізбесін халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бекіткен сұранысқа ие кәсіптері бар	

- шетелдіктерді және уәкілетті мемлекеттік органның өтініші бойынша мемлекеттің мүддесін білдіретін өзге де адамдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі айқындайтын тәртіппен және мөлшерде өзінің төлем қабілеттілігін растауды бермеген;
- 6) Қазақстан Республикасының шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы заңнамасын бірнеше рет бұзған;
 - 7) ұлтаралық, конфессияаралық және діни араздықты қоздыртқан;
 - 8) іс-әрекеттері конституциялық құрылысты күштеп өзгертуге бағытталған;
 - 9) Қазақстан Республикасының егемендігі мен тәуелсіздігіне қарсы шыққан, оның аумағының бірлігі мен тұтастығын бұзуға шақырған;
 - 10) Қазақстан Республикасының аумағында онша ауыр емес және орташа ауырлықтағы қылмыстары үшін алынбаған немесе жойылмаған сотталғандығы бар;
 - 11) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарында олардың экстремистік немесе террористік әрекетке қатыстылығы немесе Қазақстан Республикасында экстремистік немесе террористік деп танылған ұйымға қатыстылығы туралы мәліметтер болған кезде;
 - 12) Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алу туралы қолдау хатпен өтініш жасаған кезде жалған құжаттарды ұсынған не өзі туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлаған немесе қажетті құжаттарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде дәлелді себепсіз ұсынбаған;
 - 13) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дактилоскопиялық тіркеуден өтпеген;
 - 14) Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға арналған рұқсатты берген кезге дейін бес жылдың ішінде Қазақстан Республикасынан шығарып жіберілген;
 - 15) егер бұл Қазақстан Республикасы азаматтарының және басқа да адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қажет болса;
 - 16) "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 38-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, тұрақты тұруға арналған рұқсатты алған және Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұруға арналған рұқсаттың берілу күнінен бастап ретімен келетін кез келген он екі айлық кезең шегінде күнтізбелік бір жүз сексен үш күннен аз уақыт тұрып жатқан;
 - 17) тұрақты тұруға арналған рұқсатты халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бекіткен сұранысқа ие кәсіптер тізбесінің негізінде алған және тұрақты тұруға арналған рұқсаттың берілу күнінен бастап ретімен келетін кез келген он екі айлық кезең шегінде күнтізбелік бір жүз сексен үш күн ішінде көрсетілген тізбеде көзделген кәсіп бойынша жұмыс істемеген;
 - 18) Қазақстан Республикасының азаматтарымен некелескен, осы некесі тұруға ықтиярхат алу үшін негіз болған, егер бұл неке заңды күшіне енген сот шешімімен жарамсыз деп танылса;
 - 19) Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны, салық және еңбек заңнамасы саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін бір жыл ішінде әкімшілік жауаптылыққа тартылған;
 - 20) ұлттық қауіпсіздік мүдделеріне қатер төндіретін;
 - 21) Қазақстан Республикасына келуге қарсы айғақ болып табылатын аурулары бар;
 - 22) егер бұрын "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" 1991 жылғы 20 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабы бірінші бөлігінің 8) тармақшасында көзделген негіздер бойынша Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтса;
 - 23) бұрын "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" 1991 жылғы 20 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 20-1-бабында көзделген негіздер бойынша Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылған;
 - 24) Қазақстан Республикасының аумағында бір жыл ішінде қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін сотталған;
 - 25) қоғамдық тәртіп пен имандылыққа қол сұғатын (екі және одан да көп рет), мемлекеттік билік институтына, басқарудың белгіленген тәртібіне қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған, жол жүрісі қағидаларын жүйелі түрде бұзған (үш және одан да көп рет);
 - 26) Қазақстан Республикасында заңды негізде қоныстандыру өңірлерінде бір жылдан аз уақыт тұрып жатқан;
 - 27) Қазақстан Республикасында жарамсыз көшіп келушілердің тұруға ықтиярхаты бойынша бір жүз сексен үш күнтізбелік күннен астам уақыт тұрып жатқан;

28) Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алу туралы өтінішхат берген кезде көрсетілген мекенжай бойынша тұрмайтын;

29) Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алу үшін құжаттарды ресімдеуге жіберу мақсатында иммиграциялық әлеуетті өлшемшарттық бағалау жүйесінен өтпеген;

30) өтінішхат берген күнге дейінгі он екі ай ішінде Қазақстан Республикасының аумағында үздіксіз еңбек немесе кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырмаған не отбасының әрбір мүшесіне шаққанда табысының бар екенін растамаған адамдарға, бұл ретте Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алуға үміткер отбасының әрбір мүшесіне (жұбайын (зайыбын), күндізгі оқу нысаны бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқитын кәмелетке толмаған балаларды, сондай-ақ асырауындағы өзге де жақын туыстарды қоса алғанда) шаққандағы табыс мөлшері тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген бір ең төменгі жалақыдан кем болмауға тиіс;

31) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерде тұрақты түрде бес жылдан кем тұрған жағдайда, Қазақстан Республикасының өзге өңірлеріне тұрақты тұруға кету кезінде.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер:

1) мемлекеттік қызметті алу үшін қызмет алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін белгілеу;

2) қызмет алушының және (немесе) ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті талаптарға сәйкес келмеуі;

3) мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін келісу туралы сұрау салуға уәкілетті мемлекеттік органның теріс жауабы, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің немесе тексерудің теріс қорытындысы.